

ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376


Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі

# MUSEUM.KZ


ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

№1 (1) 2023


## Медиаконтентті қарау жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Интерактивті журнал IT технологиялары қолданған медиаконтентпен бірге жүреді. 3D-нысандар және виртуалды турлар  AR-белгінің көмегімен қаралады. Құрылғыңызда QR-код сканерін ашыңыз немесе камераны (егер ол осындай кодтарды оқуды қолдаса) QR-кодқа түсіріңіз. Автоматты түрде мобилді қосымшаны online-режимде жүктегеннен кейін (бағдарлама ұялы құрылғы жадысынан орын алмайды), камераны AR белгісіне бағыттаңыз – ол кез-келген ракурстан танылуы керек. Транскрипцияланған ақпарат Сіздің гаджетіңізде тұрақты Интернет болған жағдайда экранда бірден пайда болады. Медиа мазмұны келесі бөлімдерде орналастырылған: AR – белгісімен белгіленген 3D-экспонаттар және 3D-турлар келесі беттерде.

### ИНСТРУКЦИЯ по просмотру медиаконтента

Интерактивный журнал сопровождается медиаконтентом с IT-технологиями. Просмотру подлежат 3D-объекты и виртуальные туры с помощью AR-метки . Откройте на своем устройстве сканер QR-кодов или просто наведите камеру (если она поддерживает чтение таких кодов) на QR-код. После автоматической загрузки мобильного приложения в режиме online (программа не занимает память в мобильном устройстве), наведите камеру на AR-метку – он должен распознаваться под любым углом. Расшифрованная информация мгновенно появится на экране при условии наличия стабильного интернета на Вашем гаджете. Медиаконтент размещен в следующих разделах: 3D-экспонаты и 3D-туры – в последующих страницах, обозначенные AR – меткой.

### INSTRUCTIONS on viewing media content

The interactive journal is accompanied by media content with IT technologies. There are viewed 3D objects and virtual tours using AR tags . Open the QR code scanner on your device or simply point the camera (if it supports reading such codes) at the QR code. After automatically downloading the mobile application online (the program does not take up memory in the mobile device), point the camera at the AR tag – it should be recognized at any angle. The decrypted information will instantly appear on the screen, provided there is a stable Internet connection on your gadget. The media content is placed in the following sections: 3D exhibits and 3D tours – in the following pages, marked with an AR tag.





## **ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

Ақпарат айдынына алғаш қанат қағып, назарларыңызға ұсынылып отырған «MUSEUM.KZ» ғылыми-тәжірибелік журналы зерделі оқырман үшін ғасырлар қойнауынан сыр шертетін бірден-бір басылым.

Аталған журнал республикамыздағы 260-тан астам музейдің қорында жинақталған құнды мұраларымыз бен архивтік фото – құжаттарға жүргізілген ғылыми-зерттеу нәтижелерін тұрақты жариялауға арналып отыр.

Жаңа жоба аясында музей мен жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы өзекті мәселелерге арналған отандық зерттеушілеріміз бен шетел ғалымдарының ғылыми жұмыстары 3 тілде жарық көреді.

Халықаралық талаптарға сәйкес, жылына 4 рет оқырманға жол тартатын журнал музейге жаңадан жұмысқа келген жас ізденушілер мен тәжірибелі мамандардың арасындағы кәсіби байланысты тығыз қалыптастырады.

Танымдық сипаты терең басылымның тұңғыш санында тарих, археология, этнология, нумизматика, отандық және әлемдік музейлер тарихы туралы тың мәліметтер, жан-жақты зерттеулердің жаңа қорытындылары ұсынылып отыр.

Жауһар жәдігерлерімізді жаңғыртып, отандық музей ісін ілгерілетуге бағытталған бірегей басылымның ұжымына шығармашылық табыс тілеймін!

Сан ғасырлық тарихымызға тіл бітірер жаңа журнал баршамызға құтты болсын!

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі  
Асхат Оралов**

## **ДОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ!**

Вашему вниманию представляется новый в информационном поле научно-практический журнал «MUSEUM.KZ», знакомящий с историей и историческим наследием, дошедшим к нам из глубин веков.

На страницах журнала найдут свое отражение результаты проводимых научных исследований историко-культурного наследия и архивных фотодокументов, хранящихся в фондах более 260 музеев нашей республики.

В журнале будут издаваться научные работы, отечественных и зарубежных исследователей, посвященные актуальным проблемам музейного дела и в целом социально-гуманитарных наук на 3-х языках.

В соответствии с международными требованиями, периодичность журнала – 4 раза в год. Формирование тесной профессиональной связи между опытными исследователями и молодыми, начинающими специалистами является одной из основных целей журнала.

В первом номере «MUSEUM.KZ» представлены новые материалы и новые результаты исследований по истории, археологии, этнологии, нумизматике, истории музеев Казахстана и мира.

Желаю творческих успехов коллективу научного издания, призванного продвигать наше бесценное наследие и отечественное музейное дело!

Поздравляю всех нас с новым журналом, раскрывающим тайны нашей многовековой истории!

**С уважением,  
Министр культуры и спорта Республики Казахстан  
Асхат Оралов**

## **DEAR READER!**

We are pleased to present a new in the information space of the country scientific journal “MUSEUM.KZ”, introducing the history and historical heritage that has come down to us from the depths of centuries.

This journal reflects the results of scientific research into our rich historical and cultural heritage and the archival photographic documents held in the collections of more than 260 museums in our republic.

The journal will publish academic papers in 3 languages, by national researchers and foreign scholars, on topical issues of museum affairs and the social-humanitarian sciences in general.

In accordance with international requirements, the periodicity of the journal is 4 times a year. Forming a close professional relationship between experienced professionals and young, novice employees is one of the main goals of the journal.

The first edition of “MUSEUM.KZ” presents new materials and new outcomes of complex research on history, archaeology, ethnology, numismatics, history of museums of Kazakhstan and the world.

I would like to wish creative success to the staff of the scientific journal, designed to promote our priceless heritage and national museum work! Congratulations to all of us on our new journal, revealing the secrets of our centuries-old history!

**Respectfully,  
Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan  
Askhat Oralov**

## MUSEUM.KZ

### Ғылыми-практикалық журналы

«MUSEUM.KZ» – музейтану, музей ісі, мәдени мұра нысандарын қорғау, тарих, деректану, археология, нумизматика, этнология, өнертану, мәдениеттану және мәдениет тарихының өзекті мәселелеріне арналған рецензияланатын ғылыми-тәжірибелік журнал.

Журнал қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бұрын жарияланбаған ғылыми еңбектерді жариялайды.

Редакцияға жариялауға жіберілген ғылыми жұмыстар плагиатқа тексеріледі. Плагиат анықталса, жұмыс қосымша қарауға қабылданбайды.

Журналда келіп түскен жұмыстарды рецензиялаудың тәуелсіз институты жұмыс істейді.

Журналдың редакциясы өз қызметінде Committee on Publication Ethics – COPE халықаралық жариялау этикасы комитеті әзірлеген принциптерді, сондай-ақ Scopus (Elsevier) журналдарын жариялаудың этикалық принциптерін басшылыққа алады. Басылымның авторлар мен оқырмандар үшін ашықтық принципі «MUSEUM.KZ» журнал саясатының негізі болып табылады.

Журнал материалдары «MUSEUM.KZ» Creative Commons «Attribution» («Атрибуция») 4.0 Дүниежүзілік (CC BY 4.0, лицензия «Авторлықпен») лицензиясы бойынша қол жетімді.

Журналдың тағы бір бірегейлігі арнайы «AR» бағдарламасы әзірленгені.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Журнал редакциясы мақаланың жарияланғандығынан келуі мүмкін зиян үшін авторлар немесе өзге тұлғалар мен мекемелер алдында өзіне ешқандай жауапкершілік алмайды.

<b>Журналды тіркеген мекеме атауы</b>	Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі
<b>Құрылған жылы</b>	24 ақпан 2023 жыл, Куәлік №KZ62VPY00065358
<b>ISSN</b>	30 қазан 2022 ж.
<b>Merзімділігі</b>	ISSN: 2958-5376, ISSN-L: 2958-5376
<b>Құрылтайшысы</b>	Жылына 4 рет
<b>Сайт</b>	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
<b>Е-mail</b>	Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі РМҚК
<b>Байланыс телефоны</b>	journal.csmrk.kz/index.php/muzkz/
<b>Редакциясы</b>	museum.kz@mail.ru
<b>Таралымы</b>	8 (727) 264 08 44
	museum.kz
	300 дана

## **MUSEUM.KZ** **Научно-практический журнал**

«MUSEUM.KZ» – рецензируемый научно-практический журнал, посвященный актуальным проблемам музеологии, музейного дела, охраны объектов культурного наследия, истории, источниковедения, археологии, нумизматики, этнологии, искусствоведения, культурологии и истории культуры.

В журнале публикуются оригинальные, ранее не опубликованные работы исследователей на казахском, русском, английском языках.

Научные работы, присланные для публикации в редакцию, проверяются на плагиат. В случае обнаружения плагиата работа к дополнительному рассмотрению не принимается.

В журнале функционирует независимый институт рецензирования поступающих работ.

Редакция журнала в своей деятельности руководствуется принципами, разработанными Международным Комитетом по публикационной этике Committee on Publication Ethics – COPE, а также Этическими принципами публикации журналов Scopus (Elsevier).

Основой политики журнала «MUSEUM.KZ» является принцип открытости издания для авторов и читателей.

Материалы журнала «MUSEUM.KZ» доступны по лицензии Creative Commons «Attribution» («Атрибуция») 4.0 Всемирная (CC BY 4.0, лицензия «С указанием авторства»).

Еще одна уникальность журнала разработанная специальная «AR» программа.

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходима обязательная ссылка на журнал.

Редакция журнала не несет ответственности перед авторами или третьими лицами и организациями за возможный ущерб, вызванный публикацией статьи.

**Наименование органа,  
зарегистрировавшего  
издание**

**Журнал основан  
ISSN**

**Периодичность**

**Учредитель**

**Сайт**

**E-mail**

**Телефон**

**Редакция**

**Тираж**

Министерство информации и общественного развития  
Республики Казахстан  
24 февраля 2023 г. Свидетельство №KZ62VPY00065358

30 октября 2022 г.

ISSN: 2958-5376, ISSN-L: 2958-5376

4 раза в год

РГКП Центральный государственный музей Республики  
Казахстан Комитета культуры Министерства культуры и спорта  
Республики Казахстан

[journal.csmrk.kz/index.php/muzkz/](http://journal.csmrk.kz/index.php/muzkz/)

[museum.kz@mail.ru](mailto:museum.kz@mail.ru)

8 (727) 264 08 44

[museum.kz](http://museum.kz)

300 экземпляров

## «MUSEUM.KZ» Scientific and practical journal

«MUSEUM.KZ» – A peer-reviewed scientific and practical journal dedicated to current issues in museology, museum studies, heritage protection, history, source studies, archaeology, numismatics, ethnology, art history, culturology and cultural history.

The journal publishes original, previously unpublished papers by researchers in Kazakh, Russian and English languages.

Research papers sent for publication to the editorial board are checked for plagiarism. If plagiarism is detected, the work will not be accepted for further consideration.

The journal has an independent review institution for incoming papers.

The editorial board of the journal in its activities guided by the principles developed by the Committee on Publication Ethics – COPE, as well as by the Scopus (Elsevier) Journal Publication Ethics Guidelines.

«MUSEUM.KZ» policy is based on the principle of openness to authors and readers.

«MUSEUM.KZ» journal materials are available under the Creative Commons "Attribution" 4.0 Worldwide (CC BY 4.0, licence "With attribution").

Another unique feature of the journal is a special "AR" program.

For republishing articles, microfilm and other copies, a link to the journal is required.

The editorial board is not liable to the authors or by third parties and organizations for possible damages caused by the publication of the article.

<b>Name of the authority that registered the publication</b>	Ministry of Information and Social Development (Kazakhstan)
<b>The journal was founded</b>	February 20, 2023 Certificate №KZ62VPY00065358
<b>ISSN</b>	October 30, 2022.
<b>Frequency</b>	ISSN: 2958-5376, ISSN-L: 2958-5376
<b>Founder</b>	4 times a year
	The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan Committee of Culture of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan
<b>Site</b>	journal.csmrk.kz/index.php/muzkz/
<b>E-mail</b>	museum.kz@mail.ru
<b>Tel.</b>	8 (727) 264 08 44
<b>Editorial board</b>	museum.kz
<b>Edition</b>	300 copies

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман, Сіздердің назарларыңызға еліміздің жетекші музейлерінің бірі Мемлекеттік орталық музейінің «MUSEUM.KZ» рецензияланатын ғылыми-тәжірибелік журналының алғашқы саны ұсынылып отыр.

Музейлер Қазақстанның мәдени өмірінің маңызды құрамдас бөлігі екені белгілі. Халық мұрасының қара шаңырағы, тарихи жадының сақшысы болып табылатын музейлердің ұлттық идеяны, патриотизмді қалыптастыруда, ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор екені даусыз.

Халыққа қызмет ететін еліміздің музейлері арасында тарихы ХІХ ғасырдың 30-шы жылдарынан бастау алатын Мемлекеттік орталық музейінің орны ерекше, ол Қазақстанның тұңғыш музейі және қазіргі уақытта тұрақты дамып жатқан музейлердің бірі. Екі жүз жылға жуық тарихы бар музейдің қорларын тарихи-мәдени мұра құндылықтарымен толықтыру мақсатында атқарылған орасан зор еңбектердің нәтижесінде бүгінгі күні музейде жинақталған тарихи-мәдени жәдігерлердің саны 271 974 сақтам бірлікті құрайды. Оның 218 215 с.б. негізгі қорға, 52 469 с.б. ғылыми-көмекші қорға, 1 290 с.б. уақытша қорға тіркеліп, 25 коллекцияға топтастырылған. Бұл еліміздегі ең бай тарихи-мәдени жәдігерлер қоры.

Журналдың дүниеге келуіне музей саласындағы маңызды, өзекті мәселелерді талқылап, оларды шешудің жолдарын іздеу, музейлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын насихаттау қажеттілігі, ғылыми қорларда жинақталған архивтік құжаттар мен тарихи-мәдени жәдігерлерді зерттеп, әлемдік деңгейде танымал ету идеясы негіз болды. Музей жанынан еліміздегі және шетелдердегі музейлердің тыныс-тіршілігіне, олардың экспозициялық-көрмелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған кәсіби журнал шығару бастамасы музей қызметкерлері тарапынан қолдау тауып, 2022 жылдың 30 қыркүйегінде өткізілген Ғылыми кеңес мәжілісінде ресми бекітілді.

«MUSEUM.KZ» рецензияланатын ғылыми-тәжірибелік журналында отандық зерттеушілердің және шетел ғалымдарының музей мен жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы өзекті мәселелерге арналған ғылыми жұмыстары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланады. Журналдың редакциялық алқасына музей ісі және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар салалары бойынша танымал ғалымдар енді. Осыған орай, барлық оқырмандарды музеология, музей ісі мәселеріне, отандық және әлемдік тарихи-мәдени мұраны қорғау, пайдалану және насихаттау жұмыстарына арналған, музейлер мен әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарының соңғы ғылыми жетістіктерін көрсететін ғылыми және ғылыми-танымдық жұмыстарыңызды «MUSEUM.KZ» журналында жариялауға шақырамын.

ҚР Мемлекеттік орталық музейі директоры  
Р.Е. Харипова



*Қазақша мәтін*



*Текст на  
русском языке*



*English text*



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНІҢ ТАРИХИ БЕЛЕСТЕРІ

*Р.Е. Харипова<sup>1</sup>, Е.А. Джасыбаев<sup>2</sup>*  
ҚР Мемлекеттік орталық музейі

**Аңдатпа.** Еліміздің ең ірі мәдениет мекемелерінің бірі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің тарихы 200 жылға жақындады. Музейдің қалыптасу тарихы ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан бастау алады және оның дамуында түрлі кезеңдер болды. Сенімді дерек көздер негізінде зерттеушілер музейдің қалыптасуы мен қызмет ету кезеңдері тарихын бірнеше мәрте қарастырса да, жаңадан анықталған архивтік материалдар аясында музей тарихына қатысты белгілі бір түзетулер мен толықтырулар енгізуге болады. Мақалада авторлар Қазақстанның Мемлекеттік орталық музейі тарихындағы негізгі белестерді қарастырады. Музей тарихын төрт кезеңге бөліп, авторлар әр кезеңнің басты оқиғаларына назар аударады.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві, ҚР Мемлекеттік орталық музейі, Орынбор облысының мемлекеттік архиві материалдары, ғылыми жарияланымдар.

Жұмыс барысында Қазақстан Орталық музейінің қалыптасуы мен дамуындағы оқиғалардың шежіресін ашып көрсететін классикалық әдіснамалық мүмкіндіктер жиынтығы пайдаланылды. Олардың ішінде тарихшылдық принципіне негізделген белгілі тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдісті жүйелік тәсілмен ұштастырып қолдану аналогиялар мен айырмашылықтар арқылы ұлттық тарихтың белгілі бір кезеңінің жағдайында музейдің тарихи келбетін сипаттауға, оның изоморфизм деңгейіндегі дәйекті дамуының тұтастық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Өзектендіру әдісіне сүйене, Орталық музейдің қор жинақтарының қалыптасуы мен музей қызметін қарастыру призмасы арқылы Қазақстанның музейлік әлеуетінің дамуымен байланысты тарихи құбылыстарды болжау мүмкіндігі анықталды. Орталық музейдің тарихи белестерін қарастыру кезінде архивтік құжаттамалық материалдарды пайдалану, нақты аналитикалық мәселе бойынша әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін контент-анализ әдісін кеңінен қолдануды қажет етті.

**Тірек сөздер:** музейтану, Орталық мемлекеттік музей, музей қоры, коллекциялар, музей заты, жәдігер, экспозиция.

**Сілтеме жасау үшін:** Харипова Р.Е., Джасыбаев Е.А. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің тарихи белестері // MUSEUM.KZ. 2023. №1 (1). 9-24 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.01.01

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ВЕХИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

*Р.Е. Харипова<sup>1</sup>, Е.А. Джасыбаев<sup>2</sup>*  
Центральный государственный музей РК

**Аннотация.** История Центрального государственного музея Республики Казахстан, одного из старейших культурных учреждений страны, насчитывает около 200 лет. Начало ее формирования уходит своими корнями в 30-е годы ХІХ столетия и в своем развитии у нее были различные периоды. На основе репрезентативной базы источников периоды становления и функционирования музея были не раз рассмотрены исследователями. Однако в контексте изложения обширного материала по истории музея есть места для внесения определенных корректировок и дополнений, на что и нацелена предлагаемая читателю публикация. В статье авторы стремятся рассмотреть исторические вехи в развитии Центрального государственного музея РК, разделяя его историю

на четыре основных периода, обращая внимание на наиболее важные события в каждом из выделенных периодов.

**Материал и методы исследования.** Материалы Центрального государственного архива РК, Центрального государственного архива научно-технической документации РК, Центрального государственного музея РК, Государственного архива Оренбургской области, научные публикации.

В процессе работы применялся комплекс классических методологических возможностей освещения событийной хроники в становлении и развитии Центрального музея Казахстана. В числе их, использовался общеизвестный историко-генетический метод, основанный на принципе историзма. Применение историко-сравнительного метода, вкуче с системным подходом, дало возможность, путем аналогий и отличий, выстроить канву исторического облика музея в условиях того или иного периода отечественной истории, определить степень целостности его последовательного развития на уровне изоморфизма. Опора на метод актуализации, определил возможности прогнозирования исторических явлений, связанных со становлением музейного потенциала Казахстана, через призму рассмотрения зарождения и функционирования фондовых коллекций его Центрального музея. Широкое использование архивных документальных материалов, при восстановлении достоверной хроники Центрального музея, вызвало необходимость к не менее широкому применению метода контент-анализа, позволяющего оперировать разнообразными историческими данными по конкретной аналитической проблеме.

**Ключевые слова:** музееведение, Центральный государственный музей, музейный фонд, коллекции, музейный предмет, экспонат, экспозиция.

**Для цитирования:** Харипова Р.Е., Джасыбаев Е.А. Исторические вехи Центрального государственного музея Республики Казахстан // MUSEUM.KZ. 2023. №1 (1). С. 9-24. DOI 10.59103/muzkz.2023.01.01

## HISTORICAL MILESTONES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Rashida E. Kharipova<sup>1</sup>, Ermek A. Jassybayev<sup>2</sup>*

State Central Museum of the Republic of Kazakhstan

**Abstract.** The history of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, one of the oldest cultural institutions in the country, covers 200 years. Its formation goes back to the 30s of the XIX century; the stages of its history have been marked by various positive and negative periods in its development. Sufficient number of researchers have described periods of formation and functioning of the museum based on a rather representative source base. However, there is a certain room for corrections and additions in the context of presenting extensive material on the history of the museum, and this is the purpose of this publication. In the article, the authors aspire to consider historical milestones in the development of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, dividing its history into four main periods, paying attention to the most important events in each of the allocated periods.

**Materials and methods.** Materials of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, Central State Archive of Scientific and Technical Documentation Central of the Republic of Kazakhstan, State Museum of the Republic of Kazakhstan, State Archives of the Orinbor region, scientific publications.

In the process of work, a set of classical methodological possibilities was used, highlighting the chronicle of events in the formation and development of the Central Museum of Kazakhstan. Among them, the well-known historical and genetic method was used, based on the principle of historicism. The use of the historical-comparative method, coupled with a systematic approach, made it possible, through analogies and differences, to build a canvas of the historical appearance of the museum in the conditions of a particular period of national history, to determine the degree of integrity of its consistent development at the level of isomorphism. Reliance on the method of actualization, determined the possibility of predicting historical phenomena associated with the formation of the museum potential of Kazakhstan, through the prism of considering the origin and functioning of the stock collections of its Central Museum. The widespread use of archival documentary materials, when restoring a possibly reliable chronicle of the Central Museum,

aroused interest in the equally widespread use of content analysis, which makes it possible to operate with a variety of historical data on a specific analytical problem.

**Keywords:** museology, the Central State Museum, museum fund, collections, museum object, exhibit, exposition.

**For citation:** Rashida E. Kharipova, Ermek A. Jassybayev. Historical milestones of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan // MUSEUM.KZ. 2023. №1 (1), pp. 9-24. DOI 10.59103/muzkz.2023.01.01

### Кіріспе.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі – Қазақстан мен Орта Азиядағы ең ірі музейлердің бірі. Музейдің тарихы көптеген зерттеушілерді ертеден қызықтырған. Оның жекелеген кезеңдері Ә.М. Жиреншин, Б.Г. Герасимов, А.А. Адрианов, А. Баталова, Е.Т. Жангелдин, С.А. Орашев, Н. Әлімбаев, М. Әбдеш, С.Ә. Асанова, Б.Қ. Смағұловтар, А.Ш. Ермекбаевалар мен т.б. зерттеулерінде қарастырылды. Ал музей тарихының Орынбор кезеңі орыс зерттеушілері Н.Н. Модестов, П.Н. Столпянский, Н.А. Еремина, Д.А. Равикович, П.Д. Райскийлердің еңбектерінде көрініс тапты. Сонымен қатар осы тақырыпқа арналған музейтанушылар А.Е. Қайназарова, А.Г. Ибраева, С.Т. Тайман, Г.Ш. Файзуллина, Б.К. Саранқұлова, М.З. Мұсахановалардың диссертациялық еңбектерін де атап өту керек.

### Талқылау.

Музей тарихы ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан бастау алады. 1830 жылы әскери губернатор, граф П.П. Сухтеленнің Орынбор кадет корпусының музейі құрылатыны, оның қорына түрлі материалдар жинау қажеттелігі туралы үндеуі жарияланды. Осыған орай, император сарайының министрі князь П.М. Волконский, Шығыс Сібірдің генерал-губернаторы, Орынбор азаматтық губернаторы И.Л. Дебу, Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің хаттамашысы (кейін музейдің бірінші меңгерушісі болған) Ф.Н. Шангион-Гардинг, 10 класс шенеунігі (кейін музейдің екінші меңгерушісі болған) Ф.К. Зан, ботаник-академик Н.С. Турчанинов, ботаник-натуралист Й.Г. Бессер, шығыстанушы-арабист және нумизмат Х.Д. Френ, қалмақтың Хотоут ордасының (Хошеут ұлысының) нояны, князь Серебжаб Тюменев, бұрын жергілікті полиция басшысы болған Девдед-Кильдеев, Бұхара тұрғыны Мырза Хамид, тау-кен зауыттарының басшылары мен басқарушылары және т.б. адамдар музейге заттар жіберетіндерін хабарлады. Тек Харьков және Дерпт университеттері мен императорлық Санкт-Петербург ботаникалық бағы басшыларынан үндеу-хатқа жауап болмады [ООБМА, 3850: 225-229]. Орынбор өлкесінің музейіне алғашқы материалдар берген адамдар қатарында қазақ билеушілерінің бірі Жәңгір хан да болғаны бізге маңызды. Бөкей (Ішкі) Ордасының билеушісі құрылып жатқан музейге қазақ этнографиясына қатысты заттар жіберген екен [ООБМА, 3850, 33-34: 97]. Граф П.П. Сухтелен өзі ұйымдастырған музейге антропологиялық материалдарды да жіберу туралы өтініш жасағаны белгілі. Ол Орынбор жеке корпусының штаб дәрігері Бидерман мен дәрігерлік басқарма инспекторы Воскобойниковқа жазған хатында «Орынбор губерниясында тұратын барлық Азия халықтарының бас сүйектерін мүмкіндігінше дәрігерлер арқылы (Қазан университетіне) жеткізіңіз және музей үшін де бірнеше нұсқасын қосуға тырысыңыз», – деген өтініш жасады. Бұл хаттың «күпиялылық» белгісі болды, себебі Орынбор әскери губернаторы бас сүйектерді жинайтындығы туралы тым көп жарияламауға кеңес береді, себебі бұл «бұратана, сауатсыз халық арасында» түсінісбестік тудыруы мүмкін деп көрсетіледі [ООБМА, 3613: 2]. Берілген тапсырманың қаншалықты орындалғандығы, яғни антропологиялық материалдардың музейге келген-келмегендігі белгісіз. Олардың музей қорына түспеуі де мүмкін. Себебі, 1833 жылы Орынбор өлкелік музейі қорында жүргізілген есепте 972 - геогнозиялық, 1575 - ботаникалық, 443 - зоологиялық, 42 – статистикалық, 646 - нумизматикалық, 30 – археологиялық жәдігерлер тіркелгендігі көрсетілген, ал антропологиялық материалдар туралы айтылмаған [ООБМА, 80: 50].

Келесі Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийдің тұсында жаңа музей дами түседі. Неплюев әскери училищесіндегі ғимаратта музейге бөлмелердің жетіспеуіне байланысты губернатор оны Екіншілік және орман шаруашылығы училищесіндегі кеңірек бөлмелерге орналастыруды жоспарлайды. Сонымен қатар, ол жеке Орынбор корпусының Бас штабының үйінде екінші музейдің – «Зоологиялық» немесе «Қоғамдық» музейдің негізін қалайды. Алайда осы уақытта «реформалар дәуірі»

басталуына байланысты, Ресейде музейлерге назар аударылмағандықтан, Орынбор өлкесінің музейін жаңа материалдармен толықтыру жұмыстары тоқтап қалады да, музей Неплюев әскери училищесі ғимаратында қала береді. 1843 жылдың тамызында Орынбор губернаторы В.А. Обручевке жазған баянатында училище директоры музей коллекцияларын әскери мекеме ғимаратында орналастырудың мүмкін еместігін алға тартып, «училищеде оқытылатын ғылымдарға қатысты заттарды», нақты минералогиялық, нумизматикалық және ботаникалық коллекцияларға жататын заттарды ғана қалдыруды ұсынады. Ал қалған музейлік заттар, директордың ойынша, «аймақтық музейге, ал агрономиялық құралдар ауылшаруашылық училищесіне» берілуі керек еді [ОБМА, 5443: 1], алайда оның ұсыныстары қанағаттандырылмай, Орынбор өлкесі музейінің коллекциялары Неплюев әскери училищесі негізінде жаңадан құрылған Неплюев кадет корпусында XIX ғасырдың 90-жылдарына дейін сақталады.

1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығының таратылуына байланысты граф П.П. Сухтелен мен граф В.А. Перовский құрған екі музей үлкен қиыншылықтарға ұшырады. Неплюев кадет корпусының жанындағы музей «ешқандай қамқорлықсыз және қадағалаусыз қалды», оның коллекцияларының бір бөлігі ғана, атап айтқанда минералогиялық, ботаникалық, зоологиялық коллекциялары ғана мектеп әкімшілігінің «назары мен қамқорлығына ие болды», ал этнографиялық, археологиялық, нумизматикалық коллекциялардың жағдайы нашар еді. Заттар «араласып, сынып, күйе жеген күйінде жертөле мен шатыр арасында көшіп жүрді, олардың басым бөлігі сол көшіру кезінде жоғалып кетті». Зоологиялық (қоғамдық) музей толығымен жойылды. Оның жәдігерлері жергілікті оқу орындарына (Азаматтық гимназия, Николаев қыздар институты, Мұғалімдер институтына және Орынбор казак әскері штабына) асығыс таратылды, коллекцияның жартысы, әсіресе минералогиялық заттар, қоқысқа тасталды [ООБМА, 80: 50 арт. п.].

1887 жылы құрылған Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы Орынбордың екі музейінің коллекцияларын жинақтап, біріктіруді қолға алады. 1895 жылдан бастап Орынбор жеке корпусы штабының Геодезиялық бөлімінің фотографиялық павильоны орналасқан шағын екі қабатты тас үйді өз қарамағына алған комиссия «Орынбор өлкесінің музейін құру үшін бұрынғы екі музейдің құндылықтарын жинауға» кірісті (Сурет 1).



Сурет 1. Музей мен кітапхана орналасқан Орынбор ғылыми архивтік комиссиясының ғимараты.  
XIX ғ. аяғы. ООБМА қорынан

Архивтік комиссияға Неплюев кадет корпусы, Әскери шаруашылық басқармасы мен Орынбор казак армиясының штабы өз коллекцияларының бір бөліктерін тапсырды. Мұғалімдер институтының орнында құрылған Реальное училище басшылары да бұл жұмысқа қолдау білдірді. Осының арқасында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Орынбор өлкесінің музейі қорындағы жәдігерлердің саны үш мыңға жуықтады. Бұл оларды сақтау, пайдалану және экспозицияға орналастыру мәселесін тағы да қиындатты. Музейдің қоры сол кезде ғимараттың төменгі қабатының бір бөлмесінде орналасқан еді және әрбір жаңа зат түскен сайын музейде жүріп тұру қиындайтын, витриналар бір біріне өте жақын орналасқандықтан, олардың арасынан адамдар тек бір бүйірмен ғана өте алатын, витриналарда заттар бірінің үстінде бірі жататын. Бұл туралы Архивтік комиссия қызметкерлері мен қала жұртшылығының естеліктеріне айтылады. Орынбор мемлекеттік архивінің бір құжатында осы кезеңде экспозицияға орынның жетпегіндігінен көптеген этнографиялық жәдігерлер мен археологиялық қазбалардан (қорғандардан) алынған коллекциялар жәшіктерден шығарылмай жатқандығы, сол себепті Архивтік комиссия қорғандарды қазуды тоқтатып, оларды «қоныс аударушылар қатты тонап жатқандығы» туралы айтылған [ООБМА, 80: 51]. Осындай қиыншылықтарға байланысты, Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы жергілікті мекемелер мен адамдардан қайырымдылықтан жиналған қаражатқа музейге жаңа ғимарат салуды жоспарлайды. Архивтік комиссия 1911-1912 жылдары жиналған екі мың рубльге Санкт-Петербург сәулетшілер қоғамы арқылы музейдің жаңа ғимаратының жобасына Бүкілресейлік байқау жариялап, ұсынылған 40 жобаның ішінен 3-ін таңдап алады (Сурет 2, 3) [Отчет о деятельности строительной комиссии музея Оренбургского края за 1912 г., 1913: 216].



Сурет 2. Орынбор өлке музейі ғимаратының эскиздерінің бірі. XX ғ. басы. ООБМА қорынан.

Сурет 3. Орынбор өлке музейі ғимаратының эскиздерінің бірі. XX ғ. басы. ООБМА қорынан.



Таңдап алынған жобаға сәйкес ғимарат салу үшін Орынбор қалалық думасы 700 шаршы сажен жер бөлгенмен [Отчет о деятельности строительной комиссии музея Оренбургского края за 1911 г., 1913: 10], ғимараттың құрылысын салу үшін өте үлкен қаржы, сол кездегі ақшамен жүз мың рубль қажет болды. Орынбор қаласында музей ғимаратын салу үшін қайырымдылық жинайтын құрылыс комиссиясының 1911 жылы жолдаған хатына Орал казак әскерінің шаруашылық басқармасынан, Ақтөбе қалалық басқармасынан, Троицк қалалық басқармасынан музейді салу үшін қаражат бөлудің мүмкін еместігі туралы жауаптар келді [ООБМА, 3: 22, 26, 40]. Орал облысының әскери губернаторы сұралған қаржыны бере алмау себебін көшпелі халықтың әр шаңырағынан жиналатын алымды өсірудің қауіптілігімен түсіндірді. Губернатор жауабында «осы алым арқылы Орал облысының өзі толығымен барлық қаржылық шығыстарын жауып отыр», – деп жазады [ООБМА, 3: 34]. Торғай облыстық басқармасы «өздерінің музейін салу үшін жергілікті қаражаттың жеткіліксіз болуына» байланысты қаражат бөлуден бас тарта отырып, Торғай және Орал облыстарының музейлерін Орынбор өлкесінің музейімен біріктіруді ұсынды [ООБМА, 3: 95]. 1913 жылдың 1 қаңтарында музей ғимаратының құрылысына жеке тұлғалардан жиналған қайырымдылық қаржы небәрі 658 рубльді құрады. Осындай қиын жағдайда Архивтік комиссия төрағасы А.В. Попов Мемлекеттік Думаның депутаты Ғ.Х. Еникеев арқылы музей салу үшін қажетті соманы бөлу туралы өтінішпен жалпы мемлекеттік деңгейге шықты. Мемлекет және қоғам қайраткері Ғайса Хамидуллаұлы Еникеев кезінде мұғалім болған, халық әндерін жинаған, ұлты татар болса да, башқұрт жырларын орындаған, елге сыйлы азамат еді (Б. Қойшыбаев). Ол Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы құрылған кезінен бастап, біраз уақыт оның мүшесі болған және Орынбор қаласының мәдениетін, соның ішінде қазақ халқының мәдениетін де, дамыту іс-шараларына қолдау білдіріп отырған. 1913 жылы Ғ.Х. Еникеев Торғай облысының 1913-1915 жылдарға арналған земстволық міндеттерінің есебінен Орынбор өлкесі музейінің құрылысына 1000 рубль көлемінде қаражат бөлу мәселесін оң шешуге көмектесті [ООБМА, 80: 80-80 арт.п., 82-82 арт.п.].

А.В. Поповтың музей жұмысына көмектесу туралы жазбаша өтінішіне, 1913 жылдың желтоқсан айында Ғ.Х. Еникеев музей мәселесі бойынша Мемлекеттік Думаның өзге депутаттарымен сөйлесіп, Халық ағарту министрінің қабылдауында болып, оған «мемлекеттік қазынадан ғимарат салуға және музейдің тұрақты штатын ұстауға қаражат бөлу қажеттілігі туралы дәлелдер келтірдім» деп жауап береді. Оған министр қажетті көмек көрсетуге толық дайын екенін білдіреді. Сонымен қатар, министр «бұл іс барлық инстанциялардан өтеді және шамамен мамыр айында (1914 ж.) талқыланып, содан кейін Министрлер кеңесіне жіберіледі» деп сендіреді. Осыдан кейін ұсыным Мемлекеттік думаға түседі. Осы сәттен бастап Ғ.Х. Еникеев Архивтік комиссия тарапынан қатысу және қолдау туралы сұрау қажет болатын Мемлекеттік Дума мүшелерінің тізімін жасауды ұйғарады. Сонымен қатар, ол өздерінің ұсынысын қолдауға тиісті комиссиялардың ықпалды мүшелерін тартуға, әртүрлі фракциялардың өкілдері арасында және Думаның жеке жиналыстарында үгіт жүргізуге уәде береді. Ғ.Х. Еникеев хатында Қаржы министрлігі тарапынан кездесуі мүмкін кедергілердің алдын алу тактикасын да жазады. Оның сөзінше Қаржы министріне Орынбор губернаторы мен Министрлер Кеңесінің мүшесі болған ағасы арқылы тікелей ықпал етуге болатын [ООБМА, 80: 46-47].

Архивтік комиссия ақшалай қаражат бөлу туралы өтініштерді Ішкі істер министрлігіне де жіберді, алайда министрлік бұл мәселені шешуді кейінге қалдыруды ұсынды. Министрліктің жауабында жақын арада Санкт-Петербургте көне заттарды қорғау жөніндегі Бас комитет құрылатыны, оның міндеттеріне көне ескерткіштерді қорғауға бағытталған іс-шараларды өткізуге айтарлықтай несие беру кіретіні, қаражат мәселесін сол комитет арқылы шешуге болатыны айтылды [ООБМА, 80: 57, 62-63].

Ғ.Х. Еникеев 1914 жылы наурызда Архивтік комиссия төрағасына хат жолдап, аталған комитетті құру туралы Мемлекеттік думаға талқылауға енгізілген заң жобасын көрсете отырып, оны Ішкі істер министрлігінің барлық жеке өтініштерді шешу мәселесінде қолданатын «жағымсыз ағым» ретінде сипаттайды. Депутаттың хатына сәйкес, Халық ағарту департаменті Орынбор музейін Ішкі істер министрлігіне қарайтын Архивтік комиссиядан бөлек, Халық ағарту министрлігінің қарамағындағы жеке мекеме ретінде көреді. Сол

хатта ол музейдің жаңа ғимаратын салуға субсидия бөлу туралы мәселе Халық ағарту департаментінде талқыланғанын, соның негізінде жоғарғы инстанцияларға тиісті ұсыныс жіберілгенін қуана хабарлайды. Сонымен қатар, Департамент музей қызметкерлерінің штатын тұрақты ұстауға қажетті соманы бекіту үшін оның сапалық және сандық құрамын анықтау бойынша жұмыстар жүргізуді қолға алады. Ғ.Х. Еникеевтің хатында музей құрылысын бастауға қажетті қаржыны анықтау үшін алдымен оның ғимаратының көлемін белгілеу керектігін, ол үшін музей құндылықтарының көлемі туралы қосымша мәліметтер қажет екендігі айтылады. Департаменттің пікірінше, бұл қаржы шығындары мөлшері музей заттары бойынша қосымша мәліметтер алынғаннан кейін ғана тағайындалады [ООБМА, 80: 57, 67-68 арт. п.].

1915 жылы Халық ағарту министрі граф П.Н. Игнатъевтің бұйрығымен Орынбор музейінің коллекцияларын сақтау және сипаттау шығындарына жыл сайын үш мың рубль көлемінде ақша бөлу бекітілді. Ғ.Х. Еникеев осыған байланысты: «Мен жыл сайынғы үш мың жәрдемақы музейге қатысты біздің мәселелерімізді толық шешпейтінін түсінемін, бірақ қазіргі ерекше жағдайда, музейдің жеке ғимаратын салғанға дейін, осы қаржы жыл сайын беріліп тұрғанының өзі жақсы», – деп түйіндейді. Мемлекеттік Думаның депутаты «алғашқы ыңғайлы жағдайда бұл соманы екі-үш есе көбейту туралы қосымша өтініш жолданады» деп үміттендіріп, осы ең төменгі соманы жыл сайын бөлудің өзі музейге жолданатын қаржы 10 жылда 30 мың рубль, 20 жылда – 60 мың рубль, 30 жылда – 90 мың рубль құрайтынын жазды [ООБМА, 80: 75-76].

Алайда Ғ.Х. Еникеев болжағандай, музейдің жаңа ғимаратының құрылысына қаржы жиналмады. 1915-1916 жылдары Халық ағарту министрлігі бөлген қаржы негізінен музей мен кітапханаға Батраков үйінен бөлінген пәтерді жалдауға және күтіп ұстауға [Отчет о составе и деятельности Оренбургской ученой архивной комиссии за 1916: 223], оларды көшіру мен жабдықтауға жұмсалды [ООБМА, 80: 114-114 арт. п., 137-140 п.]. Негізінен Орынбор музейін қаржыландыруға қаржы бөлу Бірінші дүниежүзілік соғысқа араласқан Ресей империясының билігі тарапынан жасалған ерекше іс-әрекет еді. 1917 жылы осы кезеңдегі саяси оқиғаларға байланысты музейді қаржыландыру мүлдем тоқтатылды.

Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі кезеңдегі қиын жағдайларға қарамастан Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы Орынбор өлкесі музейінің коллекцияларын жүйелеу және жинақтау жұмыстарын жалғастырды. Азаматтық соғыстан кейін, Ресейдің орталық аймақтарында және ұлттық шет аймақтарда саяси өмір жолға қойылған кезде, Орынбор музейін Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының (Кирнаркомпрос) қарамағына беру туралы мәселе көтерілді. Осыған орай, «Қазақстанның Орталық музейі» қай кезеңде пайда болды, дәлірек айтсақ, оған «республикалық» мәртебе қашан берілді деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа қатысты осыдан ертерек бірқатар зерттеушілер өз пікірлерін жазған [Ермекбаева, Алимбай, Смагулов, 2022: 443]. Бұл мәселені нақтылау барысында, біз жаңадан табылған архивтік деректер негізінде Орынбор музейі «Орталық музей» немесе «Қазақ өлкелік музейі» ретінде 1921 жылы рәсімделді деген қорытындыға келдік.

1921 жылдың басында Қазақстан аумағындағы ағарту мекемелердің жұмысын Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты құрамындағы Ғылым секторы жүргізгені белгілі. Сектор сол жылдың жазында Академиялық орталық болып қайта құрылып, оның құрамында Музей істері мен өнер, көне жәдігерлер мен табиғат ескерткіштерін қорғау жөніндегі Бас комитет (Басмузей) жұмысын бастайды [ҚР ОМА, 89: 237]. Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты мен Академиялық орталықтың есептеріне сәйкес, Комитеттің 1921 жылғы негізгі міндеті жергілікті өлкелік музейлерді, атап айтқанда: Орталық тарихи-мәдени музейін, Табиғат музейін және Мектепке дейінгі тәрбие музейін құру болып табылды [ҚР ОМА, 55: 9; 61: 41].

Бұдан әрі есептерде: «Орынбордағы музейлерді ұйымдастыру келесідей жолмен жүзеге асырылады: 1921 жылдың қаңтар айының басында Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты мен Губерниялық халыққа білім беру бөлімі өкілдерінен аралас комиссия құрылып, Губерниялық халыққа білім беру бөлімінің көмегімен 1919 жылдың тамызында, сондай-ақ 1920 жыл бойы қаржылық жағынан қолдау көрсетіп, Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты қарамағына беріледі. 1921 жылы 10 қаңтарда Орынбор өлкесінің музейі Қырғыз (қазақ) халық ағарту

комиссариаты қарамағына өтеді», – деп көрсетілген. Музей 15 қызметкермен үлкен залы мен 14 бөлмеден тұратын Перовская көшесіндегі бұрынғы екі қабатты әскери үйге орналастырылды. Ғимараттың жоғарғы қабаты тарихи-мәдени бөліміне, ал төменгі қабаты табиғат бөлімі мен кітапханаға берілді. «Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының Бас музейі өз қарамағына Орынбор өлкесінің музейін алғаннан кейін, оны екі бөлек музейге бөліп, біреуін «Тарихи-мәдени музей», екіншісін «Табиғат музейі» деп атады. Музейлерді бөлгенде Табиғат музейін жәдігерлерімен басқа ғимаратқа көшіріп, олардан босаған бөлмелерге Тарихи-мәдени музей орналастыру жоспарланды. Табиғат музейі өзінің жеке штаты болғанымен, оған қолайлы ғимараттың болмауына байланысты ол өз жұмысын Тарихи-мәдени музейімен бірге (бір ғимаратта) жалғастыра берді [ҚР ОМА, 55: 9].

Архивтік құжаттарға сәйкес, Орынбор өлкесінің музейі «бұрынғы атауын сақтап қала алмай», республикалық мәртебесі бар жаңа құрылымдық мекеме ретінде түбегейлі қайта құрылып, шын мәнінде республиканың бас музейіне айналған. Тарихи-мәдени музейі мен Табиғат музейі өз алқасын құрып, 1921 жылдың 9 наурызында оның алғашқы отырысын өткізіп, музейдің штаты бекітіледі [ҚР ОМА, 2: 46].

1921 жылдың соңында Тарихи-мәдени музейі мен Табиғат музейінде 40 адам қызмет атқарды. Олардың қатарында жалпы этнография, қырғыз (қазақ) этнографиясы, тарихи археология, элеуметтік музей бөлімдері қызметкерлерімен қатар «музей заттарын іздеуші агент», «музейге қажетті заттар туралы мәліметтер жинаушы», «лаборант дәрежесіндегі музей қызметкері» тәрізді лауазымды қызметкерлер болды [ҚР ОМА, 86: 89-89 арт.п.]. 1921 жылдың көпшілікке ашық болған 96 күнінде музейге 74991 адам келіп, 1373 келуші үшін 53 экскурсия өткізіліпті [ҚР ОМА, 61: 42 арт. п. – 43]. Осы жылдың маусым айында музейге мануфактура берілді, ал Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты алқасының хаттамаларында ол «Историко-культурный музей Кирккрая» (Қырғыз (қазақ) өлкесінің тарихи-мәдени музейі) деп аталды [ҚР ОМА, 47: 72; 89: 75]. Академиялық орталықтың 1921 жылғы есебінде «Қырғыз (қазақ) өлкесінің музейі» деген атау да кездеседі [ҚР ОМА, 61: 43 ай.]. 1922 жылдың басында музей Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының тікелей қарамағындағы оқу және мәдени-ағарту мекемелерінің тізімінде (15 санмен) «Орталық өлкелік тарихи-мәдени музейі» деген атаумен көрсетілген [ҚР ОМА, 41: 43 арт. п.]. Сол жылы осы музейге «Өлкелік тарихи-мәдени музейі» атауы қолданылағанын Академиялық орталықтың музейдің іс жүргізушісі міндетін Т. Бабасовқа жүктеу туралы 1922 жылдың 15 қарашасындағы тағы бір архив құжатынан байқауға болады [ҚР ОМА, 3: 45]. Қазақстанның орталық өлкелік музейінің 1925-1926 жылдардағы есебінде «музей өзінің заңды рәсімделуін 1921 жылдан, яғни, Орынбор өлкелік музейінің Қазақстанның Халық ағарту комиссариатына өту кезден бастады», – деп көрсетілген [ҚР ОМА, 39: 107]. Бұл дәйек Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының 1921 жылғы 25 ақпандағы алқа отырысының хаттамасында келтірілген [ҚР ОМА, 89: 21]. Қазақстанның тарихи-мәдени музейіне «Орталық музей» немесе «Бас музей» мәртебесін беру туралы ресми қаулы болмаған тәрізді, ҚР Мемлекеттік орталық архивінің архивтік істер тізімінде мұндай қаулы тіркелмеген. Музейдің Орынбор кезеңі тарихын зерттеушілердің еңбектерінде бұл жайт «сол кезде жас республиканың барлық мемлекеттік органдарында, оның ішінде Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының құжат айналымын ұйымдастырудың қажетті тәжірибесінің жоқтығымен» байланысты болуы мүмкін деп түсіндіріледі [Ермекбаева, Алимбай, Смагулов, 2022: 443].

Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының 1921 жылғы есебінде, басқа мәселелермен қатар, «...(комиссариат) жұмысының өнімділігіне орталықта да, жергілікті жерлерде де қызметкерлердің, білікті қызметкерлердің жетіспеушілігі теріс әсер етіп жатқандығы» айтылады. Оның кейбір бөлімдері бірнеше ай бойы бөлім меңгерушісіз қызмет атқарған, өзгелерінде меңгерушілер жиі ауысатын, ал кейбірінде 1-2 қызметкер ғана болған. Тіпті Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының ұйымдастыру орталығының өзінде 1921 жылы бірде-бір инструктор (нұсқаушы) болмаған.

1921 жылдың маусым-шілде айларында Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты өз жұмысын ұйымдастырумен айналысты. Осы кезеңде Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатының Ұйымдастыру басқармасы жергілікті жерлердегі бөлімдер мен органдар туралы ереже әзірледі [ҚР ОМА, 55: 44-45]. Осыған орай, Қырғыз (қазақ) халық ағарту



комиссариаты туралы Ереже Халық Комиссарлары Кеңесіне 1921 жылы 27 маусымда ұсынылғаны мен қабылданғанын атап өту керек [ҚР ОМА, 93: 39 арт. п.]. Сондықтан, Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариатына қарасты басқа мекемелердің «Ережелері» осыдан кейін дайындалып, бекітілді деп жорамалдауға болады. Осыдан 1922 жылдың 24 қаңтарында қабылданған «Орталық өлке музейі туралы ереже» дәл осы жылы музейге «Орталық музей» мәртебесі берілді дегеннің нақты дәлелі бола алмайды. 1920 жылдардың басында Халық Комиссарлары Кеңесі осы кезеңдегі Қазақстанның саяси жүйесінде қалыптасқан жалпы жағдайды қорытындылай келе, өлкеде жүргізіліп жатқан ағартушылық жұмыстарға қысқаша сипаттама берген. Онда «Бүкіл Ресей Федерациясындағыдай Қазақ КСР-дің халықтық ағарту істері жұмысшылардың материалдық қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру мағынасында соңғы орында болды. Бұл халықтық ағарту істерінің материалдық базасына нұқсан келтірді. Қырғыз халық ағарту комиссариатының идеологиялық және әкімшілік басшылығына және жалпы халықтық ағарту істеріне теріс әсер етті», – деп айтылған. Сонымен қатар Ресей Федерациясы аумағында, атап айтқанда Қазақстанда, мәдени-ағарту жұмыстарын дұрыс жолға қоюға Жаңа экономикалық саясатты жүргізу үшін халық шаруашылығын қайта құрумен байланысты үрдістер кедергі келтірді [ҚР ОМА, 89: 109].



Сурет 4. Вознесенский кафедралды соборының ғимараты. XX ғ.  
ҚР МОМ қорынан.



Қырғыз (Қазақ) Кеңес Социалистік Республикасының астанасын Орынбордан Қызылорда қаласына көшіру Орталық өлкелік музейдің тағдырына да әсер етті. Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты мен Орынбор губерниялық атқару комитеті арасында музейдің қор коллекцияларын бөлу мәселесі күн тәртібіне шықты. Осы күрделі мәселеге қатысты даулар ел астанасын Алматы қаласына көшіргенге дейін созылды. Орынбор губерниялық музейі қызметкерлерінің ұйымдастырушылық отырысының 1928 жылғы 29 қарашадағы хаттамасында көрсетілгендей, «іс жүзінде Орталық өлкелік музей экспонаттарын бөлу жөніндегі комиссияның жұмысы 1927 жылдың қараша айының басында тоқтаған, Орталық музей экспонаттары Қырғыз (қазақ) халық ағарту комиссариаты бекіткен тізім бойынша толығымен Губерниялық музейге берілген, бірақ бөлу фактісі сол кезге дейін Губерниялық атқарушы комитеті тарапынан рәсімделмеген» [ООБМА, 70: 14]. Осы кезеңдегі музей экспонаттарын бөлу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы отандық ғалымдар А.Ф. Ибраева, Н.Ә. Әлімбаев, Ж.А. Ермекбаев, Б.К. Смағұлов, А.Ш. Ермекбаевтардың зерттеу еңбектерінде және олардың жариялаған ғылыми-мерзімді басылымдарындағы мақалаларында кеңінен жазылған [Ибраева, 2010: 43; Алімбаев, Ермекбаев, Ибраева, 2009: 20-29; Ермекбаева, Алімбаев, Смағұлов, 2022: 444-446].

1929 жылдың шілде айында Орталық өлкелік музей Қазақстанның жаңа астанасы Алматы қаласына көшірілді. Музей Вознесенский кафедралды соборының ғимаратында (архитекторы А.П. Зенков) орналасты (4 сурет). Осында ол қиыншылықпен өзінің құрылымдық ұйымдастырушылық кезеңінен өтіп, көрермендерге жүйелі түрде қызмет ете бастады.

1931 жылы музей құрамына жергілікті Жетісу облыстық музейінің қорлары берілді. Орыс интеллигенция өкілдерінің күшімен құрылған Жетісу облыстық музейінің негізін қалағандар белгілі шығыстанушы, филолог Н.Н. Пантусов пен Жетісу статистикалық комитетінің хатшысы В.Е. Недзвецкий еді (олардың жеке комплекстері қазіргі кезде ҚР Мемлекеттік орталық музейінің қорында сақталған). 1902 жылы В.Е. Недзвецкийдің жазған өтініштері арқасында, осы музей қоры Верный қаласында (Алматы) өткен Бірінші ауылшаруашылық көрмесіне қойылған заттармен толықтырылды [ҚР ОМА, 48462: 23]. Ол өзі осы көрменің бірқатар бөлімдерін ұйымдастыруға тікелей атсалысқан [ҚР ОМА, 180: 54]. Жетісу музейінің сақтаушысы В.Е. Недзвецкий 1906 жылы музейдің экспозициялық залдарын ашып, көпшілік қауымға таныстыруға қол жеткізді. 1913 жылы Верный қаласында ұйымдастырылған Ауылшаруашылық және өнеркәсіптік көрмеге байланысты жергілікті билік облыстық музейдің жағдайына назар аударды. Осы уақытта Жетісу статистикалық комитетінің хатшысы В.Е. Недзвецкий [ҚР ОМА, 6: 50] музейдің экспозициялық залдарын безендіруге суретші Н.Г. Хлудовты тартады. Олардың арасында достық қарым-қатынас болған тәрізді, себебі В.Е. Недзвецкийге қатысты фотоқұжаттық материалдарды Мемлекеттік орталық музейге атақты суретшінің немересі тапсырған (1978 жылғы 27 қарашадағы №159 Акт). Аталған көрме өткізілгеннен кейін Жетісу облыстық комитеттің музей мен кітапхананы күтіп-ұстау сметасы бекітілді. Оған сәйкес облыстық жергілікті борыш сметасының қосымша сомасынан ақшалай қаражат 1915 жылға дейін берілуі керек еді [ҚР ОМА, 6: 169-170]. Алайда Ресей империясының Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуына байланысты сол кездегі басқа мәдени мекемелер сияқты Жетісу облысының Статистикалық комитеті мен музейді ұстауға қаражат күрт азаяды. В.Е. Недзвецкий қалыптасқан қаржылық қиындықтардан шығу үшін «(музейде) көпшілік көңіл көтеретін шараларды ұйымдастыру және театрландырылған қойылымдарды қоюды» ұсынды [ҚР ОМА, 10: 1].

- Abramzon, Saul.* 1949. The Birth and Childhood of a Kyrgyz Child. Collection of the Museum of Anthropology and Ethnology 12: 36-42. [Abramzon, Saul. 1949. Rojdenie i detstvo kirgizskogo rebenka. Sbornik muzeia antropologii i etnologii 12: pp. 36-42] (In Russian)
- Alekseev, Nikolay.* 2008. Ethnography and Folklore of the Peoples of Siberia. Moscow: Nauka. [Alekseev, Nikolai. 2008. Etnografii i folklor narodov Sibiri. Moskva: Nauka.] (In Russian)
- Argynbaev, Halel.* 1973. Family and Marriage of the Kazakh People. Almaty: Gylym. [Argynbaev, Halel. 1973. Kazakh halkyndagy semia men neke. Almaty: Gylym.] (In Kazakh)
- Argynbaev, Halel.* 1996. Kazakh Family: [Research Work on the Past and Present of the Kazakh Family]. Almaty: Gylym. [Argynbaev, Halel. 1996. Kazakh otbasy: (khazakh otbasynyn keshegisi men bugingisi zhayndagy gylymı zertteu enbek. Almaty: Gylym.)] (In Kazakh)
- Bayburin, Albert.* 1993. Ritual in Traditional Culture: Structural and Semantic Analysis of East Slavic Rites. St. Petersburg: Nauka. [Baiburin, Albert. 1993. Ritual v traditsionnoi kulture: Strukturno-semanticheskii analiz vostochnoslavianskikh obriadov. Sankt-Peterburg: Nauka.] (In Russian)
- Belilovsky, Kesar.* 1894. Women of Siberia (Medical and Ethnographic Sketch), St. Petersburg: Tipolitografiya Golike. (Belilovskii, Kesar. 1894. Jeniny inorodtsev Sibiri [Mediko-etnograficheskii ocherk]. Sankt-Peterburg: Tipo-litografiya Golike) (In Russian)
- Butanaev, Victor.* 2014. Weekdays and Holidays of the Khongoray Turks. Abakan: Journalist. [Butanaev, Viktor. 2014. Budni i Prazdniki turkov Hongoraia. Abakan: Zhurnalist.] (In Russian)

*Gogolev, Anatoliy.* 1993 Yakuts: Problems of Ethnogenesis and Culture Formation. Yakutsk: YSU. [Gogolev, Anatoliy. 1993. Iakýty: problemy etnogeneza i formirovaniya kulturey. Yakutsk: IaSU.] (In Russian)

*Eskekbaev, Dauren.* 2001. Family Customs of Kazakhs of East Kazakhstan Region. – Kazakh Customs and Traditions: Past and Present. Almaty: Gylym, 51-58. [Eskekbaev, Dauren. 2001. Shygys Kazakhstan oblysy kazakhtarynyn otbasylyk adet-guryptary. – Khazakhtyn adet-guryptary men salt-dasturleri: otkendegisi men bugini. Almaty: Gylym] (In Kazakh)

*Zhunosov, Ahmet.* 1992. Ancestor traditions: ancient Kazakh customs and traditions. Almaty: Art. [Zhunosov, Ahmet. 1992. Babalar dasturi: kazakhtyn baiyrgy turmys-salt guryptary. Almaty: Oner.] (In Kazakh)

*Kalshabaeva, Bibizya.* 2011. Kazakhs of Central Asia (Historical and Ethnographic Research). Almaty: Kazakh University. [Kalshabaeva, Bibizya. 2011. Ortalyk Azia khazakhtary (tarihi-etnografiyalik zertteu). Almaty: Kazakh universiteti] (In Kazakh)

*Katran, Dosymbek.* 1996. The Traditional Food System of the Kazakhs of Mongolia. A Candidate Dissertation. Almaty: Institute of History and Ethnology. [Katran, Dosymbek. 1996. Mongoliya kazakhtarynyn dasturli tamaktanu zhuiesi. Tarih gylym kandidaty dissertatsiyasy.] (In Kazakh)

*Kolbasenko, Ivan.* 1890. Kyrgyz Cradle. A Few Words about Caring Children Among the Kyrgyz. – Minutes of the Meeting of the Obstetric-Gynecological Society in Kiev 6: 35-41. [Kolbasenko, Ivan. 1890. Kirgizskaya kolybel. Neskolko slov ob uhode za detmi u kirgizov. – Protokoly zasedaniya akushersko-ginekologicheskogo obestva v Kieve 6: 35-41.] (In Russian)

*Konovalov, Alexei.* 1986. Kazakhs of Southern Altai. Alma-Ata: Nauka. [Konovalov, Aleksei. 1986. Kazahi Iuzhnogo Altaia. Alma-Ata: Nauka.] (In Russian)

*Oserov Nuraly, Estaev Z.* 1992. Islamic and Kazakh Customs, Almaty: Kazakhstan. [Oserov, Nuraly, Estaev Z. 1992. Islam zhane khazakhtardyn adet-guryptary. Almaty: Kazakstan.] (In Kazakh)

*P.* [Anonymous]. 1878. The Custom of the Kazakhs of the Semipalatinsk Region. Russian Bulletin 9:23-46. [P. [Anonim]. 1878. Obychai kazahov Semipalatinskoi oblasti. Russkii vestnik 9: 23-46.] (In Russian)

*Shatynova, Nadezhda.* 1979. Traditional Rituals of the Altai People Associated with the Birth of a Child. – Questions of the History of Gorny Altai 11: 146. [Shatynova, Nadezhda. 1979. Traditsionnye obriady altaitsev, svyazannye s rozhdeniem rebenka. – Voprosy istorii Gornogo Altaia 11: 146.] (In Russian)

*Snesarev, Gleb.* 1969. Relics of Pre-Muslim Beliefs and Rituals among the Uzbeks of Khorezm. Moscow: Nauka. [Snesarev, Gleb. 1969. Relikvii domusulmanskikh verovaniy i obriadov u uzbekov Horezma. Moskva: Nauka.] (In Russian)

*Snesarev, Gleb.* 1964. Relics of Pre-Muslim beliefs. Moscow: Nauka. [Snesarev, Gleb. 1964. Relikvii domusulmanskikh verovaniy. Moskva: Nauka.] (In Russian)

*Toleubaev, Abdesh.* 1991. Relics of Pre-Islamic Beliefs in the Family Customs of Kazakhs (XIX – Early XX Century). Alma-Ata: Gylym. [Toleubaev, Abdesh. 1991. Relikvii doislamskikh verovaniy v semeinoy obriadnosti kazahov (XIX – nachalo XX vekov). Alma-Ata: Gylym.] (In Russian)

**Автор туралы мәлімет:** Тынайқұлова Мөлдір Ерболқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің Редакциялық баспа бөлімінің әдіскер маманы (050051, Алматы қ-сы, Самал-1/44, Қазақстан). E-mail: [Moldir-7575@mail.ru](mailto:Moldir-7575@mail.ru)

**Сведения об авторе:** Тынайқұлова Молдир Ерболовна – докторант Казахского национального университета им. аль-Фараби, методист Отдела редакционной печати Центрального государственного музея РК (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан). E-mail: [Moldir-7575@mail.ru](mailto:Moldir-7575@mail.ru)

**Information about the author:** Moldir E. Tynaikulova – PhD student of Al-Farabi Kazakh National University, Editorial methodologist in the Editorial Department of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (050051, Samal-1/44, Almaty, Kazakhstan). E-mail: [Moldir-7575@mail.ru](mailto:Moldir-7575@mail.ru)



ӘОЖ 398; 572.9; 008: 316.722

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ

*Н. Уәли*

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының дәстүрлі жылбасы мейрамының тарихи-мәдени қырлары, салт-дәстүрлермен байланысты қалыптасқан ерекшеліктері сипатталады. Наурыз мейрамының табиғатпен, оның жазғытұрымдағы күн мен түннің теңелуімен байланысты екені, ал халықтық астрономия бойынша Сүмбіле, Үш Арқар-Таразы, Үркер, Сұлу Сары жұлдыздарының батыс көкжиектегі бір түзудің бойында қатар түзуі Ұлы теңесудің онтологиялық негізі болып саналатыны айтылады.

Наурыз мейрамындағы салт-дәстүрлердің, наным-сенімдердің, ырым-жоралғылардың кездесетіні және олардың түп мәні табиғатпен тіл табысу (экологиялық), ескіден арылу, жаңару, жасару идеясымен байланысты мән-мазмұны ашылады.

Сондай-ақ, Наурыз мейрамының қоғамдағы бірлік пен татулық, адамгершілікпен байланысты этикалық қағидаттардың, сайып келгенде, ата-баба жолын дәріптеу, елдің бірегейлігі мен бірлігін сақтау мақсатымен байланысты екені көрсетіледі. Наурыз феноменінің қазақы моделі Өркендеу, Жаңару, Жасампаздық идеясы негізінде қалыптасқандығы айқындалады.

**Тірек сөздер:** көпэтникалық, антропоцентристік, этикет, халықтық астрономия, этикалық нормалар, экология, ритуал, этномәдени сана.

**Сілтеме жасау үшін:** Н. Уәли. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз // MUSEUM.KZ. 2023. №1 (1), 124-130 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.01.11

## НАУРЫЗ – ВЕЛИКИЙ ДЕНЬ УЛУСА

*Н. Уали*

Центральный государственный музей РК

**Аннотация.** В статье рассматриваются историко-культурные аспекты традиционного праздника начала года казахского народа Наурыза и его особенности, связанные с обычаями и традициями. Отмечается, что праздник связан с природой, ее летним равноденствием, а согласно народной астрономии онтологической основой праздника Великого Равноденствия считается расположение звезд Сумбиле, Уш Аркар-Тараз, Уркер, Сулу Сары по линии на западном горизонте.

В работе раскрывается значение традиций, верований, обрядов Наурыза, связанных с идеей гармонии с природой (экологической), избавлением от старого, обновлением и омоложением.

Также показано, что единство и мир в обществе, этические принципы, относящиеся к гуманизму, в конечном счете связаны с целью прославления пути предков, сохранения идентичности и единства народа. Продемонстрирована, что казахская модель феномена Наурыза сформирована на основе идеи Процветания, Обновления, Созидания.

**Ключевые слова:** полиэтничный, антропоцентрический, этикет, народная астрономия, этические нормы, экология, обряд, этнокультурное сознание.

**Для цитирования:** Н. Уали. Наурыз – великий день Улуса // MUSEUM.KZ. 2023. №1 (1). С. 124-130. DOI 10.59103/muzkz.2023.01.11

## NAURYZ - THE GREAT DAY OF THE ULUS

*N. Uali*

Central State Museum of the Republic of Kazakhstan

**Annotation.** The article considers the historical-cultural aspects of the traditional celebration of the beginning of the year of the Kazakh people Nauryz and its peculiarities related to customs and traditions. It is noted that the holiday is associated with nature, its summer equinox, and according to the folk astronomy the ontological basis of the Great Equinox holiday is the location of stars Sumbile, Ush Arkar-Taraz, Urker, Sulu Sary on a line on the western horizon.

The work reveals the significance of the traditions, beliefs and rituals of Nauryz associated with the idea of harmony with nature (ecological), getting rid of the old, renewal and rejuvenation.

Furthermore, it is shown that unity and peace in society and ethical principles related to humanism are ultimately linked to the goal of glorifying the way of the ancestors, preserving the identity and unity of the people. It demonstrated that the Kazakh model of the Nauryz phenomenon formed based on the idea of Prosperity, Renewal, and Creation.

**Keywords:** polyethnic, anthropocentric, etiquette, folk astronomy, ethical norms, ecology, ritual, ethno-cultural consciousness.

**For citation:** N. Uali. Nauryz - the Great day of the Ulus // MUSEUM.KZ. 2023. №1 (1), pp. 124-130. DOI 10.59103/muzkz.2023.01.11

### **Кіріспе.**

Наурыз – қазақ халқының ежелгі заманнан бері наурыздың 22-сін (ескіше 9-ын) жылбасы деп тойлап келе жатқан айтулы ұлттық мейрамы. Жылдың бас айындағы бұл мейрам күн мен түннің теңелуіне негізделген. Қыс қаһары қайтып, көктемнің келуі, табиғаттың тіріліп, жаңаруымен шендестіріліп, малдың төлдеуі және егіншілік науқанының басталуын бағзы заманнан Ұлыстың Ұлы күні деп те атаған.

### **Талқылау.**

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен байланысты іргелі ұғымдардың бірі. Ұлыстың ұлы күні деген сөз орамындағы Ұлы күн – жылдың бас күні. Ең абзал, ең мәртебелі болып ұғынылғандықтан қазақтар Ұлы күн деп атаған. Ал ұлыс сөзі – «жұрт», «ел», «халық» деген ұғымдардың жиынтық атауы. Ұлыс оң болсын дегендегі ұлыс осы айтылған мағынаны білдіреді. Қысқасы, сөз бір-бірімен байланысып, тіркесіп барып «Наурыз» мейрамы дегенге саяды. Ал Иран жұртынан наурыз («жаңа күн») атауы кіргенге дейін байырғы баба тілінде бұл мейрам Ұлыс Күн деп аталған.

Наурыз мейрамын тойлаудың ертеден келе жатқан дәстүрі, бір жағынан ежелгі Иран-Тұран (Түркі) елдері арасындағы қарым-қатынастың барысында қалыптасқан мәдени-тарихи байланысқа саяды. Арғы Иран-Тұран заманын былай қойғанда, Алып Ер Тоңа (Афрасиаб) кезінде тұрандықтар (түркілер) Наурыз мейрамын тойлаған көрінеді. Бұл жөнінде әйгілі Афрасиаб (Алып Ер Тоңа) қорғанының оңтүстік қабырғасында «Наурыз» деген жазуы бар сурет сақталып қалған [Нұрсан Әлімбаев, 2017: 497]. Тұран мен Иран жұртының едәуір бөлігін билеген көпэтникалы Хорезм патшалығында қаңлы, қыпшақ, алшын, найман деген атпен жүрген қазақтың көптеген ру-тайпалары, одан кейінгі кезде Моғолстандағы дулат, алшын, арғын, найман, жалайыр ру-тайпаларының азамат елдерімен саяси, мәдени қарым-қатынаста болғаны Шыңғыс хан заманымен байланысты тарихи жазбалардан кеңінен мәлім жайт.

Наурыздың қадым заманнан келе жатқан халықтық мейрам екені жөнінде ұлы Абай: «Біреп сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген мақаласында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибаги», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен», – деп жазады [Дүйсенбаев, 1977: 230].

Қалай десек те, қазақтың күнтізбесінде Наурыздың жылбасы ретінде танылып, мерекеленетіні тарихи қарым-қатынаспен байланысты мәдени ауыс-түйістік екені ешбір дау туғызбайды. Төркіні бөтен жұрттан мәдени-рухани керегіне қажеттісін ала білуі халықтың «балалығы» емес, даналығы деп те түсінуге болады. Қысқасы, Наурыз парсы жұртынан күллі иран халықтарына, мұсылман дініндегі түркі елдеріне бір бастаудан тараған деген байламға қол қою шындықтан алшақ кетпейді. Бірақ Наурызға байланысты салт, ырым, жоралғыларды, мерекелік түрлендірулерді, табиғатпен байланысты ұғым-түсініктерді тұрандықтар иран, азамат жұртынан сол күйі соламайымен қотарып алды деу қатерге

ұрындырары сөзсіз. Өйткені өзінің тіршілігі мен рухани дүниесіне сай келмесе, Ұлы Дала елінің, сахара жұртының бұндай ауыс-түйістікті ала салуы екіталай. Қалауы да, талғауы да басқа болар еді.

#### **Табиғатта.**

Наурызда күн мен түн теңеледі, жұлдыздар теңеседі, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары бір түзудің бойында батыс көкжиекте қатар тізіле сап түзеді. Есепшілер аталмыш жұлдыздардың қатар түзуімен күн мен түннің теңелуін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап көк қаулайды. Күн өткен сайын Күн белдеуі (күннің жүретін жолы) көкжиектен жоғарылай түседі.

Есепшілер, – халық астрономдары, – Наурыздың келгенін, күн мен түннің теңелгенін жан-жануарлардың қылығынан да байқайды. Қазақтың Батыс өлкесінде (Атырау, Маңғыстау аймағында) наурыздың 14-інде сарышұнақ інінен шығып, күн суық болса, ін аузынан ұзамайды, күн жылы болса, ұзағырақтау жерге шығады дейтін деректер кездеседі [ҚР МОМ – материалдарынан].

Ал тасбақа күн мен түн теңелгенде інінен аузына шөп тістеп шығатын көрінеді. Шөптің аты мәриям шөп деп аталады. Оны еппен алған адам бақытты, дәулетті болады деген мифологиялық наным-сенім бар [ОМЭЭ – материалдарынан].

Кейбір елдерде Күн мен Түннің теңелгенін балықтан байқайтын көрінеді. Этнограф шежіреші Мәшһүр Жүсіптің Бұхар жұртынан келтірген дерегінде күн мен түн теңелгенде, балық аунап түседі дейді.

Жиырма тоғыз жасында ғылым, білім іздеп Бұхара шәрифте болған Мәшһүр Жүсіп өзі байқаған жайы туралы: «Наурыздама той қылатұғын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» – деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» – деп жазады [Мәшһүр Жүсіп, 1993: 11].

**Күн мен Түннің теңелуі** – Наурыз мейрамындағы орталық ұғым. Шаруа бағып күнді далада өткізетін малшы, егінші қауым күннің қаншалықты ұзарғанын, түннің де соншалықты қысқарғанын шамалап біліп отыратын шоқы, төбе, адыр, өзен, бұлақ т.б. табиғи белгілері болады. Күннің қай тұстан шығып қай тұстан батқанына қарап, күндізгі уақыттың «қарға адымнан» «ат адымға дейін» қаншалықты ұзарғанын пайымдап отырады. Өйткені қарбаласы көп шаруашылықтың қыр-сырын табу оңайға түспейді. Малды суыққа не ыстыққа ұрындырмас үшін күн райының алдамшы амалына алданып қалмауды ойлайды. Малшы төрт-түліктің өрісін, қонысын дәл уағында жаңартып отырады.

Егінші де күннің өткініші амалына алданып қалмай, жылдағы дағдысы бойынша не ерте, не кеш емес, дәл уақытында жерін баптап, өңделген топыраққа дән сіңіреді. Түнде көк күмбезіндегі жұлдызды, ал күндіз жан-жануармен байланысты табиғи белгілерді уақыт межесі етіп алады. Көк күмбезіндегі Үш Арқар-Таразы, Үркер, Сұлу Сары жұлдыздарының көкжиекке жақындауын межелей отырып, жаздың шығуына неше күн қалғанын да есептеп отырады. Қыр елінің, сахара адамдарының күн мен түннің қай уақта теңесетінін, қай кезден бастап күннің ұзарып, түннің қысқаратынын қадым заманнан білгендігіне еш шүбә келтіруге болмайды.

Ұзарған күннің көзі, түн қараңғысының қысқарып, орнын жарыққа беруі, жер бетінің жылып, көктің қаулап шығуы жасарудың, жаңғырудың белгісіндей көрінеді. Жер мұздың, қардың құрсауынан арылып бусанады. Жер-дүниені елжірететін де, бусандыратын да тіке түскен күн сәулесі. Күннің қызуы өтіп бара жатқан шақта көк жүзін сары бауыр, қара барқын бұлт басып, назағай ойнап, күн күркіреп жаңбыр төгеді. Сусаған, кеберсіген жер-дүние шөлін басып, жер беті одан сайын түрлене түседі. Бұл – ақиқат дүниенің этнос санасындағы перцептивті-сенсорлық қабылдау барысында қалыптасқан семиотикалық танбалардың тізбегінен тұратын «мәтін» түріндегі көрінісі.

Алайда түйсік арқылы қабылданған көктемгі табиғат бейнесі санада сол күйінде қалып қоймай, әрі қарай ерекшеленіп, ойтанымдық «өңдеуден» өтеді де этномәдени санада әртүрлі мазмұндағы мәтіндердің тілдік матрицасы пайда болады. Мысалы, таным үрдісінде табиғаттағы Көк пен Жердің арасындағы бұл ғажайып құбылыстың болмысын зерлеу «іске қосылады»: халықтық антропоцентристік таным бойынша Көк пен Жер адам түрінде кейіптеледі. Көк Тәңірі – «ер адам», Жер Тәңірі – «әйел» бейнесінде кейіптеліп, екеуі қауышып жақындасады. Сөйтіп, көзі ашылған Көк Тәңірі ұйқыдағы Жер Тәңірін (әйел Құдайды) оятып, оған тіршілік нұрын дарытады. Солай болғандықтан кәрі ауыз қариялар көктен жаудырсын, жерден өндірсін дейді.

Наурыз мейрамы кеңестік билік кезінде қудалауға ұшыраса да, халық оны ұмытқан жоқ. Халықтың этномәдени санасында «Наурыз» мейрамы үздік-создық редакцияланған мәтін түрінде болса да, жоғалмай сақталып келді. Оның елдік (мемлекеттік) идеологиядағы өзіндік орны ерекше болғандықтан Наурыз өміршең болады. Қоғамдағы саяси, құқықтық, этикалық, діни т.б. көзқарастар мен идеялар жүйесінің қалыптасуы мен дамуына оның тигізер өзіндік әсері аз болған жоқ. Бұл тұста абыздардың, дінбасылардың, ру ақсақалдарының қоғам идеологтары болғанын еске алмауға болмайды. Өз кезіндегі қоғамдық идеологияны қалыптастырған белсенді тұлғалар ретінде олар Наурызды тек қызық-думан құған шаралар «жиынтығы» түрінде тойлау емес, қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеушілік мәнге ие мейрам түрінде мерекелеудің халықтық тұжырымдамасын қалыптастыруға күш салды.

Наурыздың түп негізі әуелде табиғатпен тығыз байланыста болды, яғни күн мен түннің теңелуі табиғи белгі ретінде алынды. Алайда күн мен түннің жазғытұрымғы теңелуімен қоса күзгі теңелуі де (22/24 қыркүйек) бар. Олардың күзгі теңелуді алмай жазғытұрымғы теңелуге ден қоюы табиғаттағы тіршіліктің жаңару мен жасару, өсіп-өну, өркен жаюымен байланысты болды. Күзгі теңелуде ондай табиғи нышан жоқ. Табиғаттағы жаңару, өркен жаю құбылысын қоғаммен байланыстыру Наурыздың халықтық тұжырымдамасында ең өзекті идеяға айналып, қоғамның өсу, өркендеуімен үндес болды.

Табиғаттағы «теңесу», «жасару», «жаңару», «өркен жаю» үрдісі өздігінен болмайды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды. Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ құйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты ақпен, дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады.

**Қыдыр түні** қара қазанның түбі бос болмасын деп, май тамызып, үйдегі ыдыстарға ағарған (сүт, айран, уыз т.б.) құйып қояды. Қайсыбір ыдысқа бидай, арпа, сұлы толтырып, бақырға бұлақ суын толтырады. Бұл жоралғы Тәңірден жыл бойы молшылық болсын деген тілеуді аңғартады.

#### **Пышақ қандамау.**

Наным-сенім бойынша Наурызда – Ұлыстың ұлы күнінде – мал бауыздамайды. Өлі етті, яғни Наурызға дейін сойылған малдың етін асады. Себебі мал сойып, пышақ қандау халықтың «Наурыз» концепциясындағы – өркендеу, жасампаздық идеясына қайшы келеді. Наурыз дастарқанын жасағандар қысқы соғымның кебежедегі шеке, жілік тәрізді кәделі мүшелері мен қазы-қарта, жал-жаясын, сондай-ақ Наурызға дейін сойылған малдың басқа да етін пайдаланады.

Малшы қауымның қарбаласқа толы тыным көрмейтін шағы жылдың бас айы наурызда басталады. Қой түлігі наурыздың ортасынан аса жаппай төлдей бастайды. Оны «төл төгіні» деп атаған. Төгіндегі қозыны тәрбиелеуге келетін сақпаншылар жаңа туған қозының аузын үрлеп, аяғын сырып жылы орынға жайғастырады, шаранасын жағып енесіне табыстырады. Наурызда туған төрт түліктің алғашқы төлін төлбасы деп қастерлеп, күтімге алады, наурыз төлін сапайды, сыйға да бермейді. Наурыздағы төл төгіні кезінде келген қонақ үй иесіне пышақ қадама деп, қой сойдырмайды.

Егіншілер дән себетін егістік жерін баптап, тоған, арық-атыздарын тазалайды, атыздағы көтермелерін топырақ үйіп жаңартады. Ұлыстың Ұлы күніне деп ыдыстарын ақ пен дәнге толтырады, сондай-ақ саятшылар құс салмайды, аңшылар аңға шықпайды.

Қазан толы наурыз көже жоралғысы тоқшылық қана емес, оның этномәдени семиотикалық таңба ретінде білдіретін имплицитті мағынасы – елдің татулығы мен бірлігі. Өйткені бір қазаннан дәм татқан жандар «дәм-тұз» культі бойынша ол шаңыраққа жамандық жасамауы тиіс. Ерте заманда атақты байлар, бек, сұлтандар, хандар ұлан-асыр той жасап, қарапайым халықтың көңілін көтеріп, Наурыздың ас-су шығынын өз мойнына алған. Бұл – татулық-ынтымақтастық идеясының Наурыз тойы жоралғысы (ритуалы) түріндегі көрінісі.

Наурызбен байланысты қоғамның тазару идеясына айрықша мән берілгені байқалады. Кетік аяқты сындыру, ескі-күскыны моғал ошақта өртеу арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жаулыққа жол бермеудің, отпен жамандықтан тазаланудың жоралғыланған (ритуалданған) көрінісі.

Наурыздағы Ұлыстың Ұлы күнінде құл мен күнге бас бостандығын беріп, азаматтық құқығын қайтару салтын қоғамды ізгілікке бастау идеясы іспетті деуге болады. Ұлыс күні «үш атадан кейін құлдық жоқ» деп құлды құрықтан, күнді сырықтан босатады.

Сондай-ақ ауыл-үйлердің жаппай жол бойына ағаш егуі, көпір салып, өткел жасауға шығуы – бірлесуге, ұжымдасуға үндеу идеясының бір көрінісі.

Бұлақтың суын бөгемеу, көкті жұлмау, таптамау, өсіп тұрған ағашты беталды кеспеу, ысырап жасамау, ұшқан құс, жүгірген аңды қырып-жоюдан сақтау – табиғатты аялау идеясының, қазіргіше айтқанда, экологиялық көзқарастың бірден-бір көрінісі. Олардың Киесі мен Иесінің болатыны, сұраусыз болмайтынын ел ақсақалдары үнемі еске салып, жас буынды сақтандырып отырған.

Наурыз мейрамы қарсаңында қауымдасып, көзін ашқан бұлақ бойына «атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деп ағаш егеді. Бұзылған көпірді, жолды жөндейді. Сөйтіп, табиғатқа да, қоғамға да пайдалы іс атқарылады. Адамдар үй ішін, қора-қопсысын тазартады. Жылы аймақтарда жерді ертеректе омашпен (ағаш соқамен) жыртып, дән егеді.

#### **Қоғамда.**

Мереке күні ұлдары ұзын, қыздары қызыл киімдерін киіп, көрші-қолан, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. Ұлыстың күні құтты болсын деп, бір-біріне түзу тілек, ақ ниетін білдіреді. Жасыңа жас қосылды, жасың құтты болсын деген тілек айтады. Өйткені қазақта туған күн тойлау деген болмаған.

Көрмесен – жат, көріспесен – ұят деп, ағайын-туыс бір-бірімен амандасып, көрісіп жатады. Үш ата толмаған құлға да бір күн бостандық деп, құл құрықтан, күң сырықтан құтылады. Ер-азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, бірін-бірі жеті дәмнен әзірленген наурызкөже ішуге шақырады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Адамдар бір-біріне деген ренішін кешеді, өкпе-қалдықтарынан тазарады; жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тартыспақ, тең көтеру, т.б. дәстүрлі ұлттық спорт ойындары ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

#### **Наным-сенімдер.**

М.Әуезовтің зерттеулерінде Ұлыстың ұлы күні төрткөз сараяқ итті елден аластайды, моғал ошақ қазады; кетік аяқ, кетік шөмішті сындырады деген деректер кездеседі. Қыдыр түні Жұп шырақ жағады. Күн шығардан бұрын байырғы мифологиялық наным-сенім бойынша Қайраханدى көшіру жоралғысы жасалады. Ыдысқа сүт құйып «көш, Қайрахан, көш!» деп, ыдыстағы сүтті төңіректің төрт бұрышына – батысқа, шығысқа, терістікке, түстікке қарай шашады. Қайраханدى жаманшылықтың иесі деп түсінеді.

Жоғарыда келтірілген әртүрлі деректердің кейбірінің мағынасы мәлім, түсінікті болғанымен, қайсыбірінің арғы мәні белгісіз. Мысалы, ұлы жазушы, халықтық дәстүрді терең білген М.Әуезовтің көрсетуінше, жұп шырақ жағу дегені – От Иеге арналған тілек. Кетік ыдыс-аяқты сындыру ескі күннен қалған қиындықтар мен бәле-жаладан арылу дегенді меңзейді [Әуезов, 2014: 37-38].

Бұл күнде архисемасы (түпкі мәні) ұмытыла бастаған моғалошақ қазу, дегендегі моғал ошақ деп, біздің пайымдауымызша, – кем-кетік, ескі-құсқы заттар өртеліп, артынан беті топырақпен жабылатын жерошақты айтқан. Себебі бәле-жаланы аластау мақсатында өртелетін ескі заттарды үйдегі ошақ отына жақпаған.

Наурыз көже неге жеті түрлі дәмнен жасалады? Наурыз тойланатын елдерде 362 әулиенің ішінде Ғайып Ерен, қырық шілтен, жеті әулие ерекше деп танылады, мұндағы жеті әулие абрар деп аталады. Наурызкөжедегі жеті дәмнің арғы мәнінде жеті әулиені пір тұту жатады деп жорамалдауға болады.

Ал неге төрткөз итті өлтіреді? Мұның себебін діни дастан-киссаларда айтылатын аңыздармен байланысты қарауға болады. Атақты Жүсіпбек қожа Шайхысламұлының Кербаладағы қайғылы уақиғаны дастан етіп жазған «Қисса уақиға Кербала» жырында [Жүсіпбек қожа, 2002: 367]. Хазіреті Ғалидің Фатимадан туған баласы Хұсайынды Кербала шөлінде қинап өлтірген және шейіт болған сейітзадалардың дүние-мүлкін тонаушылар Хақ Тағала құдіретімен доңызға және сараяқ төрткөз итке айналатыны айтылады. Солардың бірі Шәймір төрткөз ит кейпінде жүреді.

Шәймірің төрткөз ит боп Кербалада,

Жүр дейді әлі сусап жүр далада.

Ғамири мен Хайназардың басын кесті,

Мұсылман ұстап алып сол арада.

Сондай-ақ индоиран мифтерінде төрткөз итті ажалы жеткен адамдарға жібереді екен.

Ұлыстың ұлы күнгі Қызыр түні қара қазанның түбі бос болмасын деп, май тамызып, үйдегі ыдыстарға ағарған (сүт, айран, уыз т.б.) құйып қояды. Екінші аймақта қайсыбір ыдысқа бидай, арпа, сұлы толтырып, бақырға бұлақ суын толтырады. Бұл жоралғы жыл бойы молшылық болсын деген тілеуді аңғартады.



### Наурыз салттары.

Наурыз дастарқанына жасы үлкен қариялар «Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын» деп, наурыз батасын береді. Ұлыс күні әйелдердің Ұзынсарыға деп, сақтаған қысқы соғымның шекесі асылдады, бүйендегі, қарындағы сарымайды бастайды. Ұзынсары деп, әдетте әйелдер «наурыз айындағы ұзарған күнді» айтады. Ауқатты, бай адамдар ауыл-аймақты шақырып, Ұлыстың ұлы күніне арнап той өткізеді. Діни наным-сенім бойынша аруақтарға арнап құран оқытылады, жеті нан таратылады. Бұл күндері әр жерге үлкен от жағылып, отқа май құйылады.

Наурыз таңын қарсы алмаққа жиналған қыздар жағы уыз дәмді «Ұйқыашар» дайындайды. «Ұйқыашар» дайындап, өздеріне құрмет көрсеткен қыздарға жас жігіттер сақина, сырға, білезік сияқты әшекей бұйымдарды сыйға таратады. Жігіттердің бүкпелі ойын сезген сезімтал қыздар, әрине, «селк» ете қалады. Сондықтан да бұл сый «селт еткізер» деп аталады [Өмірзақов, 2001: 15 – 28].

**Наурыз көже.** Наурыздың 21-нен 22-сіне қараған түні молшылықтың жоралғысы ретінде әрбір шаңырақта міндетті түрде қазан толы наурыз көже әзірленеді. Дәстүр бойынша наурыз көжеге қыстан арнайы сақталған соғым еті, оған бидай, тары, арпа дақылдары қосылады. Наурыз көже кем дегенде жеті дәмнен жасалады, тұзды да дәмге қосады. Наурыз көже құрамы жеті түрлі дәмнен артық та болуы мүмкін. Бірақ дәм тақ санмен байланысты аталады. Өйткені наурыз «береке, бірлік» идеясын білдіреді де, тақ сан бөлінбейтін бүтіндік деп ұғынылады. Қыстан қалған, наурызға деп кебеже, қап түбінде сақталған соғым еті қыстың дәмі, ал ең соңында наурыз көжеге қосылатын ағарған (айран, қатық, құрт) келер жаздың дәмі дегенді аңғартады. Жасы үлкен ауыл, ел, әулет қарияларының кейбірінің аты Наурыз, Наурызбай болса, келіндер жағы жәкелерін эвфемизммен Көпкөже, Тілеукөже деп атайды. Жеңгелері Наурыз, Наурызбай деген қарадомалақ, тәпелтек қайнысының атын, түрі сары, бойы ұзын болмаса да, – есімін тура атамай, Ұзынсары деген эвфемизмге айналдырған.

**Көрісу** – Ұлыстың ұлы күні атқарылар салттың бірі. Дағдылы этикет бойынша жасы кішілер алдымен үлкен шаңыраққа барып жасы үлкенмен көріседі. Үлкен адамның ұсынған қолын қос қолдап, сыртынан аялап алып, төс қағыстырып амандасады. Әйелдер бір-бірімен құшақ жайып амандасады. Ұлыстың Ұлы күнгі көрісу салтын халық мұрасында:

Ұлыс күні кәрі-жас,  
Құшақтасып көріскен,  
Жаңа ағытқан қозыдай,  
Жамырасып өріскен,  
Шалдар бата беріскен, – деп өлеңмен дәлме-дәл өрнектеген.

Қазақ елінің батыс өлкесінде Маңғыстау, Атырау жағында бір үйдегі жандар Ұлыс күнгі таң ата ұйқыдан тұра салысымен бірін-бірі құшақтап көрісетін болған. Ал алыстағы ағайын, жекжат-жұратымен Наурыз айының ішінде, я болмаса келесі Наурызға қалдырмай, «Көріспесең – жат, бармасаң – ұят» деп көрісу салтын қатаң ұстанған.

Наурызда ақсақалдар бата беріп ізгі тілектерін айтады. Наурыз батасының мазмұны Ұлыстың ұлы күнімен байланысты болады. Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса, ол жыл олжалы жыл болар деп ырымдап, жасы кіші жасы үлкеннен бата тілейді.

Ел арасында кең тараған бата сөзде:  
Ұлыс оң болсын!  
Ақ мол болсын!  
Бәле-жала жерге енсін!  
Күніміз ұлысты болсын!  
Жеріміз ырысты болсын! – дейді.

**Наурыздама тойы** – Наурыз мерекесіне қатысты негізгі ұғымдардың бірі. Наурыз көже әр шаңырақта жайылған ас-тағам дастарқаны болса, наурыздама аста-төк той іспетті болған. Сондықтан ел ішіндегі аса бай, дәулетті адамдардың наурызды той қылып өткізуін «наурыздама» деп атаған. Наурыздама тойы, деректерде айтылғандай, бір аптаға созылып, сегізінші күні тойға келгендер тарай бастайды. Арқа еліндегі дәулетті Тәтидің наурыздама тойын өткізгені, тойға келген арғынның атақты биі Едігені жүз кісісімен күткендігі жөнінде Мәшһүр Жүсіп жазбаларында деректер бар.

Халықтың Наурыз мейрамындағы салт-ғұрыптардың біралуаны табиғатпен «тіл табысу», оны қасиеттеу мағынасында болса, енді бір алуаны адамдар арасындағы этикалық-моральдық қатынастарды реттеу, моральдық нормаларды нығайту, жолға қою мақсатына бағытталады. Жүректе/көңілде өткен күннен дақ пен дық, реніш, өкпе-қалдықтың қалмауы, бұларды дер кезінде жүректен/көңілден кетірмесе,

аяғы араздыққа, дау-жанжалға, қатыгездік пен қастандыққа апарып соқтыратыны айрықша ескерілді. Сондықтан Наурыз мейрамында кешірім сұрау, кешіру тәрізді адамгершілік акциясы өткізілген. Мұның өзі жүректі таза ұстау, кір шалдырмаудың халық ұғымында соншалықты маңызды екенін көрсетеді.

### Қорытынды.

Наурыз мейрамымен байланысты аңыз-эпсаналар, мақал-мәтелдер, бата-тілектер, наным-сенімдер, салт, ырым-жоралғылар ел ішінде аз кездеспейді. Мұндай тілдік және тілдік емес деректердің аса мол болуы Наурыз мейрамының әлеуметтік-мәдени маңызының аса зор болғанын әрі тарихилығын көрсетеді.

Наурызға байланысты атқарылатын салт-ғұрыптар, жосын-жоралғылар, наным-сенімдерде де, сайып келгенде, ата-баба жолын дәріптеу, руішілік, руаралық қатынасты реттеу, елдің бірлігі мен тұтастығын сақтау мақсаты көзделеді. Сөйтіп, Өркендеу, Жанару, Жасампаздық идеясы негізге алынған Наурыздың қазақы моделі жасалды.

### ӘДЕБИЕТ

*Абай (Ибрахим) Құнанбаев* шығармаларының екі томдық толық жинағы. Жалпы редакциясын басқарған: Ы. Дүйсенбаев. Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1977. 312 б.

*Әуезов М.* Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 4-том: Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. 450 б.

*Жүсіпбек қожас Шайхысламұлы.* Қисса-и уақиға Кербала Хазірет Хұсайын Рази Алла Анһу // Бабалар сөзі: Көптомдық. 1-том. Діни дастандар. Астана: «Фолиант», 2002. 448 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017.

*Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.* Наурыз (дайын. С. Дәуітұлы); сонда: Омар Һайам. Наурызнама (өзбекшеден қазақшаға ауд. И. Сапарбаев) 17-23 бб. // Наурызнама: аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993.

*Өмірзақов Т.М., Ислямов О.Е.* Наурыз // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: Өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Е. Әжіғали. 2001. 426 б.

ҚР MOM – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музейі

ОМЭЭ – Орталық музей этнографиялық экспедициясы

### REFERENCES

*Abai (Ibrahim) Kunanbaev* shygarmalarynyn eki tomdyk tolyk zhinagy. Zhalpy redaksiasyn baskargan: Y. Duisenbaev. Almaty: Khazakh SSR-nin Gylым baspasy, 1977. 312 p. (In Kazakh)

*Auezov M.* Shygarmalarynyn elu tomdyk tolyk zhinagy. Almaty: «Daur», «Zhibek zholy», 2014. 4-tom: Zertteuler, okulyktar, adebi nuskarlar. 1924-1930. 450 p. (In Kazakh)

*Zhusipbek kozha Shaihyislamuly.* Khissa-i uakiga Kербала Haziret Husaiyn Razi Alla Anhu // Babalar sozi: Koptomdyk. Vol. 1. Dini dastandar. Astana: «Foliant», 2002. 448 p. (In Kazakh)

*Mashhur Zhusip Kopeiuly.* Nauryz (daiyn. S. Dauituly); sonda: Omar Haiam. Nauryznama (ozbeksheden kazakhshaga aud. I. Saparbaev) // Nauryznama: ataly oilar. Almaty: Zhalyn, 1993, pp.17-23. (In Kazakh)

*Omırzakov T.M., Islamov O.E.* Nauryz // Khazakhtyn adet-guryptary men salt-dasturleri: Otkendegisi men bugini. Maqalalar zhinagy. Khurast. S.E. Azhigali. 2001. 426 p. (In Kazakh)

KR MOM – the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan

OMEE – Ethnographic expedition of the Central Museum

**Автор туралы мәліметтер:** Уәли Нұргелді Мақажанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің бас ғылыми қызметкері (050051, Алматы қ-сы, Самал-1, 44, Қазақстан). E-mail: [nuralikhan@mail.ru](mailto:nuralikhan@mail.ru)

**Сведение об авторе:** Уали Нурғелди Мақажанович – доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Центрального государственного музея РК (050051, г. Алматы, Самал-1/44, Казахстан). E-mail: [nuralikhan@mail.ru](mailto:nuralikhan@mail.ru)

**Information about the author:** Nurgeldi M. Uali – Doctor of Philological Sciences, Professor, Chief Researcher at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (050051, Samal-1/44, Almaty, Kazakhstan). E-mail: [nuralikhan@mail.ru](mailto:nuralikhan@mail.ru)

## МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А. Ораловтың құттықтауы .....	3
MUSEUM.KZ Ғылыми-практикалық журналы туралы .....	5
Алғы сөз .....	8
<b>Р.Е. Харипова, Е.А. Джасыбаев.</b> Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің тарихи белестері.....	9
<b>З.Р. Ишанходжаева.</b> Өзбекстан музейлері халықтың бай тарихи-мәдени мұрасының көрінісі ретінде .....	25
<b>Ғ. Темиртон.</b> Музей қызметінің негізгі бағыты ретіндегі музейдің ғылыми-зерттеу жұмысы (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі тәжірибесі негізінде).....	31
<b>Ғ.Ш. Файзуллина.</b> Алматы және Алматы облысының музейлері және келушілер: күтілетін және шынайы нәтижелер .....	46
<b>К.Г. Шакшаков.</b> Орал-ертіс мәдени-тарихи аймағындағы Ботай мәдениеті.....	54
<b>А.Н.Подушкин.</b> Қаңлы мемлекетінің жоғары өнерінің сюжеттеріне интерпретация.....	62
<b>А.В. Кулиш, Н.Ж. Торезанова.</b> Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі археологиялық коллекциясындағы Айша бибі кесенесінің қаптамалары.....	84
<b>П.Н. Петров.</b> XIII ғасырдың соңындағы жаңа эмиссиялық орталық – Кайду хандығының қаласы (Тараз маңындағы Ақтөбе қалашығы – Парканд / Берканд қирандылары) .....	94
<b>Абдуллах Гондугду.</b> Алтын орданы зерттеулеріне көзқарас және жергілікті дереккөздер «Шыңғыснама», «Шибаннаманың» Алтын Орда зерттеулеріндегі орны .....	104
<b>М.Е. Тынайқұлова.</b> Қазақтың бала көтеру, босану және бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлері (өзге түркі халықтары дәстүрлерімен салыстыру арқылы талдау) .....	112
<b>Н. Уәли.</b> Ұлыстың ұлы күні – Наурыз .....	124

## СОДЕРЖАНИЕ

Поздравление Министра культуры и спорта Республики Казахстан А. Оралова.....	4
О научно-практическом журнале MUSEUM.KZ.....	6
Предисловие .....	8
<b>Р.Е. Харипова, Е Джасыбаев.</b> Исторические вехи Центрального государственного музея Республики Казахстан .....	9
<b>З.Р. Ишанходжаева.</b> Музеи Узбекистана как отражение богатого историко-культурного наследия народа.....	25
<b>Г. Темиртон.</b> Научно-исследовательская работа музея как основное направление музейной деятельности (на примере опыта работы Центрального государственного музея Республики Казахстан) .....	31
<b>Г.Ш. Файзуллина.</b> Музеи Алматы и Алматинской области и посетители: ожидания и реальность .....	46
<b>К.Г. Шакшаков.</b> Ботайская культура как часть Урало-Иртышской культурно-исторической области .....	54
<b>А.Н. Подушкин.</b> К интерпретации сюжетов высокого искусства государства Кангюй.....	62
<b>А.В. Кулиш, Н.Ж. Торежанова.</b> Изразцы мавзолея Айша биби из археологической коллекции Центрального государственного музея Республики Казахстан.....	84
<b>П.Н. Петров.</b> Новый эмиссионный центр конца XIII века – Город ханства Кайду (развалины Парканда / Берканда – городище Актобе у Тараза) .....	94
<b>Абдуллах Гундугду.</b> Взгляд на исследование Золотой орды и место «Чингизнаме» и «Шибаннаме» как местных источников в золотоордынских исследованиях .....	104
<b>М.Е. Тынайкулова.</b> Традиции казахов, связанные с беременностью, родами и воспитанием детей (сравнительный анализ с обычаями других тюркских народов).....	112
<b>Н. Уали.</b> Наурыз – великий день Улуса .....	124

## CONTENT

Congradulation of the Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan A. Oralov .....	4
About scientific and practical journal MUSEUM.KZ .....	7
Foreword .....	8
<b>R.E. Kharipova, E.A. Jassybayev.</b> Historical milestones of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan .....	9
<b>Z.R. Ishankhodzhaeva.</b> Museums of Uzbekistan as a reflection of the rich historical and cultural heritage of the people .....	25
<b>G. Temirton.</b> Scientific research work of the museum as the main direction of museum activities (on a work experience example of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.....)	31
<b>G.Sh. Faizullina.</b> Museums of Almaty and Almaty region and visitors: expectations and reality .....	46
<b>K.G. Shakshakov.</b> Botai culture as part of the Urals-Irtysh cultural and historical area .....	54
<b>A.N. Podushkin.</b> To the interpretation of the high art subjects of the Kangju state .....	62
<b>A.V. Kulish, N.Zh. Torezhanova.</b> Aisha bibi mausoleum's tiles from the archaeological collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.....	84
<b>P.N. Petrov.</b> A new emission center at the end of the XIII century - the city of the Kaidu khanate (Parkanda / Berkanda ruins – Aktobe settlement by Taraz).....	94
<b>Abdullah Gündoğdu.</b> An overview of the golden horde studies and the place of Genghizname and Shibannames as native sources in the golden horde studies .....	104
<b>M.E. Tynaikulova.</b> Traditions of the Kazakhs associated with a pregnant woman, childbirth and upbringing (comparative analysis with some other Turkic peoples).....	112
<b>N. Uali.</b> Nauryz - the Great day of the Ulus .....	124

**БАС РЕДАКТОР:**  
**Харипова Рашида Ерімқызы**

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**  
**Атығаев Нұрлан Әділбекұлы**  
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Абдуллах Гондугду**, тарих ғылымдарының докторы, Анкара университетінің тілдер және тарих-география факультетінің профессоры, жалпы түрік тарихы бөлімінің меңгерушісі (Түркия).

**Ахметжан Қалиолла Саматұлы**, Қазақстан Республикасы көркемсурет Академиясының академигі, тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф-қару зерттеуші (Қазақстан).

**Әбіл Еркін Аманжолұлы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Қазақстан).

**Биро Андраш Жолт**, антрополог, Мажарстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары музейінің ғылыми қызметкері (Венгрия).

**Ғабитов Тұрсын Хафизұлы**, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасының профессоры (Қазақстан).

**Жұматаев Ринат Серікұлы**, PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан).

**Ишанходжаева Замира Райиымқызы**, тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Улугбек атындағы Ұлттық университетінің профессоры (Өзбекстан).

**Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры (Қазақстан).

**Петров Павел Николаевич**, тарих ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының профессоры (Ресей).

**Подушкин Александр Николаевич**, тарих ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан).

**Уәли Нұргелді Мақажанұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

**Файзуллина Галия Шаукетовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, Тұран университетінің Туризм және сервис кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан).

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОРЫ:**

**Темиртон Галия**  
PhD

**РЕДАКЦИЯ КЕҢЕСІ:**

Балаева Арайлы, Белтенов Жасұлан,  
Джасыбаев Ермек, Жайнақов Ерсін,  
Қыстаубаева Айгүл, Мякишева Ольга,  
Төрежанова Набира, Тынайқұлова Мөлдір

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**  
**Харипова Рашида Еримовна**

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**  
**Атыгаев Нурлан Адилбекович**  
кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Абдуллах Гундугду**, доктор исторических наук, профессор факультета языков, истории и географии университета Анкары, заведующий кафедрой общей истории Турции (Турция).

**Ахметжан Калиолла Саматович**, кандидат исторических наук, академик Академии художеств Республики Казахстан, этнограф-оружейник (Казахстан).

**Абиль Еркин Аманжолович**, доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (Казахстан).

**Биро Андраш Жолт**, антрополог, научный сотрудник Венгерского музея естественных наук (Венгрия).

**Габитов Турсун Хафизович**, доктор философских наук, профессор кафедры философии и социологии факультета философии и социологии Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

**Жуматаев Ринат Серикович**, доктор PhD, заведующий кафедрой археологии, этнологии и музеологии факультета истории Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

**Ишанходжаева Замира Райимовна**, доктор исторических наук, профессор Национального университета имени Мирзо Улугбека (Узбекистан).

**Картаева Таттигул Ерсайыновна**, кандидат исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии факультета истории Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

**Петров Павел Николаевич**, кандидат исторических наук, профессор Российской Академии Естествознания (Россия).

**Подушкин Александр Николаевич**, доктор исторических наук, профессор Южно-Казахстанского государственного педагогического университета (Казахстан).

**Уали Нургелди Макажанович**, доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан).

**Файзуллина Галия Шаукетовна**, кандидат исторических наук, заведующая кафедрой туризма и сервиса университета Туран (Казахстан).

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР:**  
**Темиртон Галия**  
PhD

**РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:**  
Балаева Арайлы, Белтенев Жасулан,  
Джасыбаев Ермек, Жайнаков Ерсин,  
Кистаубаева Айгуль, Мякишева Ольга,  
Торежанова Набира, Тынайкулова Молдир

**EDITOR-IN-CHIEF:**  
**Rashida E. Kharipova**

**DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:**  
**Nurlan A. Atygayev**  
Candidate of Historical Sciences, associate professor

**EDITORIAL BOARD:**

**Abdullah Gündoğdu**, Doctor of Historical Sciences, Professor at the Faculty of Languages, History and Geography of Ankara University and Head of the Department of General History of Turkey (Turkey).

**Akhmetzhan Kaliolla Samatovich**, Candidate of Historical Sciences, Academician of the Academy of Arts of the Republic of Kazakhstan, ethnographer-gunsmith (Kazakhstan).

**Abil Erkin Amanzholovich**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State (Kazakhstan).

**Biro Andras Zsolt**, antropolog, humanbiolog Nationalniy Muzei Estestvenih Nauk Mazharstan (Hungary).

**Gabitov Tursun Khafizovich**, Doctor of Philosophical Sciences, Professor at the Department of Philosophy and Sociology, Faculty of Philosophy and Sociology, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

**Zhumataev Rinat Serikovich**, PhD, Head of the Department of Archaeology, ethnology and museology, Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

**Ishankhodjaeva Zamira Rayimovna**, Doctor of Historical Sciences, Professor at the National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek (Uzbekistan).

**Kartaeva Tattigul Ersayinovna**, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Department of Archaeology, ethnology and museology, Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

**Petrov Pavel Nikolaevich**, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Russian Academy of Natural Sciences (Russia).

**Podushkin Aleksandr Nikolayevich**, Doctor of Historical Sciences, Professor at South Kazakhstan State Pedagogical University (Kazakhstan).

**Uali Nurgeldi Makazhanovich**, Doctor of Philological Sciences, Professor, Chief Researcher at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

**Fayzullina Galiya Shauketovna**, Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Tourism and Service at Turan University (Kazakhstan).

**EXECUTIVE EDITOR:**  
**Temirton Galiya**  
PhD

**EXECUTIVE EDITORS:**  
Balayeva Araily, Beltenov Zhasulan,  
Jassybayev Ermek, Zhainakov Ersin,  
Kystaubaeva Aigul, Myakisheva Olga,  
Torezhanova Nabira, Tynaikulova Moldir